



@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

Ushqyr oıla! Brikke samǵa! Álemdi sharla!

Farabı

№11
ҚАРАША
2025

shákirti

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,
АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

САРЫ БОЯУ

Қастек БАЯНБАЙ

Сипап өткен самалға,
Тербеледі сары алма.
Шолып едім бақшаны,
Қауын біткен сап-сары.
Көрінеді шалғайдан,
Бел-белестер сарғайған.
Жарқыраған,
Жайнаған
Сары бояу айналам.
Жомарт күздің бояуы,
Дәл осындай болады.

<https://bilim-all.kz/>

Мұқабдағы сурет ашық
дереккөзінен алынды.





ТОҚАЕВ Қасым – Жомарт Кемелұлы, Қазақстан Республикасының Президенті:

«Мен бұл қағиданы тереңірек түсінемін. «Заң мен тәртіп» – мемлекеттік құрылыстың басты қағидаты. Бұл ретте жазалау шараларын қолдану арқылы қоғамға жаппай бақылау орнату туралы айтып отырған жоқпыз. «Заң мен тәртіп» қағидаты – шын мәнінде кемел демократияның тірегі, құқықтық мемлекеттің негізі. «Заң мен тәртіпке» бағынбасақ, құқық нормаларына құрметпен қарамасақ, Әділетті Қазақстанды құрып, оны өркендеген мемлекет ете алмаймыз.

Сондықтан біздің міндетіміз – бұл қағидатты еліміздің құндылықтар жүйесіне барынша кіріктіріп, халық болмысының, қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру.

Бәрі бірдей бұл қағидатты қатаң ұстануға, оны өмір салтына айналдыруға әлі дайын емес. Бірақ талаптанған адам қалайда мұратына жетеді».

(Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан.
2025 жыл, 03 қаңтар.

<https://egemen.kz/article/379198-zanh-men-tartipti-berik-ornyqtyru-ushin-kush-dgiger-qadget-qtoqayev>
Cyber:<https://anatili.kazgazeta.kz/>

Farabi shakirti

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

№ 11 (75) қараша 2025

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: +7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.


Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың пифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында
қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.



Білімдіден шыққан сөз ...



«Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, ол мақсат тек кездейсоқ рахат үшін емес, шынайы игілік үшін бағытталуында, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, ізгілікке бағыттап отыруында».

Әл-Фараби

«Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме».

Абай

«Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, талапты, шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боларсың елден ерек».

Абай

«Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар.
Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң
тәртіп керек».

М.Әуезов

«Алға ұмтылу – өмірдің мақсаты осы ғой.
Өмірдің мәні мақсатқа жету жолындағы іс-
әрекеттің парасаттылығы мен пәрменділігінде,
ендеше тұрмыс-тіршіліктің әрбір сәтінде алда
үлкен мақсат тұруға тиіс».

М.Горький

<https://newskz.wordpress.com/>

«Ексең достық көшетін – жеміс болар,
Күншілдіктің ақыры – кейіс болар».

Хафиз

Абайла, боп жүрмесін досың дұшпан,
Дұшпан болған досыңнан қатты сақтан.

Құтып

Көрсетсе мейірбандық бейімделіп,
Шапағат сыйла сен де пейілденіп.

Р.Хорезми

Ерінбей еңбек етсең, шыдап егер,
Тікен де гүлге айналып шыға келер.

Сағди

<https://massaget.kz/tmsil/danalardan-kalghan-soz;>
Cyber:<https://www.youtube.com>



Президент Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының студенттерімен әңгімелесті

2025 жылғы 11 қараша

Студенттер Мемлекет басшысына қазақша тіл қатты. Олар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітаптарында көрініс тапқан дипломатия мен ашықтық қағидалары Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында үлгі ретінде оқытылатынын жеткізді.

Сонымен қатар жастар Абай Құнанбайұлы шығармашылығына зор қызығушылықпен қарайтынын айтты.

– Ақынның «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген достық туралы ой орамдары өте ерекше. Ресей мен Қазақстан – мәңгілік достықтың қос қанаты деп есептейміз. Екі елді, екі халықты риясыз, шынайы достық қарым-қатынас байланыстырады, – деді жастар.

Мемлекет басшысы студенттердің қазақ тілін үйренуге деген ынтасына жоғары баға беріп,

оларға сәттілік тіледі.

– Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты – өте беделді жоғары оқу орны. Бүкіл әлемге танымал. Қазақстан бүгінде дербес мемлекет. Менің ойымша, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында алған білімдеріңіз болашақта мол пайдасын тигізеді. Өйткені түрлі елдер туралы, оның ішінде Ресейдің бұрыннан келе жатқан одақтасы Қазақстан



жайында көп мағлұмат білу Сіздерге кейін жұмысқа орналасуға, сондай-ақ әлемде және өңірлік деңгейде бәсекеге қабілетті маман болуға көмектеседі, – деді Президент.

<https://akorda.kz/k-prezident-maskeu-memleketitik-halykaralyk-katynastar-institutynyn-studentterimen-angimelesti>



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ІТ СТАРТАПТАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



2025 жылғы 06 қараша
Вашингтон қаласы, АҚШ

Қасым-Жомарт Тоқаев Вашингтонға сапары аясында халықаралық нарыққа шыққан отандық ІТ стартаптардың негізін қалаушылармен кездесті.

Президентке еліміздің алғашқы «сыңармүйіз» стартапы – Higgsfield AI жасанды интеллектіге негізделген кинематографиялық сапалы бейнені генерациялауға арналған платформасы, Deep Infra – машиналық оқыту модельдерін орналастыруға және іске қосуға арналған қызмет, Valinor – биотехнология саласындағы стартап, ARC Drones – автономды дрондарды әзірлеуші, сондай-ақ басқа да перспективті жобалар таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Silkroad Innovations технология хабының қызметі туралы ақпарат берілді. Ол Кремний алқабында Орталық Азия елдерінің талантты жастары мен стартаптарына қолдау көрсетеді.

Кездесуге жалпы құны 1,4 миллиард долларды құрайтын 20-дан аса стартап өкілі қатысты. Бұл ұлттық ІТ экожүйесінің инновациялық әлеуетін танытады.

Мемлекет басшысы жоғары технология саласындағы отандық компаниялардың жетістіктерін жоғары бағалап, алдағы үш жылда Қазақстанды толық цифрлық елге айналдыру жөніндегі стратегиялық міндеттің маңызын атап өтті.

–Президент ретінде баршаңызды қолдаймын. Жұмыстарыңыз еліміздің болашағы үшін өте қажет. Цифрландыру мен HighTech мемлекетіміздің басты басымдықтарының бірі саналады. Мен бұл туралы Жолдауымда айттым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

<https://akorda.kz/kz/memleket-basshysyna-kazakstandyk-it-startaptar-tanystyryldy>





*Менен кейін не болатынын білмеймін,
бірақ мен екен дәннің біреуі ғана өз жемісін берсе,
мен өзімді бақытты адаммын деп санар едім.*

Е.А.Букетов

БӨКЕТОВ Евней Арыстанұлы

Евней Арыстанұлы Бөкетов 1925 жылы 23 наурызда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Бағанаты ауылында қарапайым шаруалардың отбасында дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты - Ибн-Ғабиден, бірақ ата-анасы оны Евней-Ғабиден деп атады, ал кейінірек құжаттарда ол Евней деп жазылды. Аштық жылдарында әкесі Арыстан отбасымен қазіргі Қорған облысының Макушинск совхозына көшіп, қара жұмысшы болып жұмыс істеген. Евней Бөкетов алғашқы білімін сол жақта бастап, 1938



жылы ата-анасымен туған жеріне оралып, арғы білімін аудан орталығы Марьевка ауылында жалғастырды, бірақ әкесінің ауруына байланысты 9-сыныпты аяқтағаннан кейін оқуын тоқтатып, жұмысқа тұруға мәжбүр болды. Көп ұзамай әкесі қайтыс болды.

1945 жылы 20 жасында ол орта мектепті тәмамдап, Қазақ тау-кен металлургия институтының металлургия факультетіне түседі де, оны 1950 жылы аяқтап шығады. Әрі қарай болашақ академиктің қызметтік және ғылыми мансабы өсе берді, алдымен аспирантура, 1954 жылы диссертация қорғау, 1956 жылы доцент лауазымы, 1958 жылы оқу ісі жөніндегі проректор,

ал екі жылдан кейін – Қарағандыдағы Қазақстан Ғылым Академиясының химия – металлургия институтының директоры болып тағайындалды.

Химик-металлург, ғалым, қоғам қайраткері.

Техника ғылымының докторы (1967 ж.), профессор (1967ж.), ҚазКСР ғылым академиясының академигі (1975ж.), КСРО Жазушылар одағының мүшесі (1971ж.). Бөкетов сонымен қатар белгілі жазушы әрі аудармашы. Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, Ш.Уәлиханов, Д.Менделеев туралы естеліктер жазған. «Шесть писем другу», «Человек, родившийся на верблюде», «Грани творчества», т.б. повестерінің авторы. Батыс және орыс классиктерінің «Макбет», У.Шекспирдің «Юлий Цезарь», Дж.Флетчердің «Испанский священник», Д.Маяковскийдің «Клоп» атты еңбектерін, И.Василенконың «Артемка» повесін, Э.Золдің әңгімелері мен мақалаларын аударған.

Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Әуезовтің Абай шығармашылығын зерттеудегі еңбектеріне шолу жасаған. «Абай жолы» ақынның ақындық қасиетін, ойшылдығын, тұлға бітімін жан-жақты аша білген сыр сандық деп бағалады. Ал «Халқымыздың мерейі мен мақтанышы» деген мақаласында Әуезовті ұлтымыздың ары мен абыройы деген («Жалын», 1972, N95).

Е.А. Бөкетов - АҚШ, Канада, Австралия, Швеция, Финляндия, ГФР, Жапония және басқа елдерде патенттелген 200-ден астам ғылыми еңбектің, тоғыз монографияның, 90-ға жуық ғылыми жаңалықтың авторы. Оның негізгі ғылыми еңбектері түсті металдар металлургиясы. Ол металлургия процестерін жеделдету бойынша ғылыми әзірлемелер жасады. Е.Бөкетов Лисаков және Аят кен орындарында марганец және темір кендерін кешенді пайдалануға (сазбалшық пен ванадий құрамынан бөліну) қомақты үлес қосты. Оның басшылығымен Балқаш тау-кен металлургия комбинатында мышьяқты мыс электролиттен алу тәсілі зерттеліп, өндіріске енгізілді. Евней Арыстанұлы - халькогендер мен халькогенидтер-

дің химиясы мен технологиясындағы жаңа бағыттың негізін қалаушы, осы еңбегі үшін 1969 жылы оған КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.



Академик Евней Букетов (в центре) с государственным и общественным деятелем Турсыном Махметовым (слева) и коллегой – доктором физико-математических наук Алексеем Перевертуном

Қарағанды қаласында өткен 1-ші және 2-ші Бүкілодақтық кеңестердің ұйымдастырушысы және жетекшісі. Шламдағы элементтен фосфорды бөлу әдісі Бөкетов-Башев әдісі деп аталды. Е.Букетов Д.И. Менделеев элементтерінің периодтық жүйесіндегі химиялық аналогтардың жіктелуін нақтылады, металлургиялық сілтісіздендіргіштер арқылы көмірді сутектендіру мүмкіндігін дәлелдеді.

Екінші жаңалығы - флотациялық байыту сатысында бос жыныстардан айырып алуға жеңіл көнетін, тотықтандырылатын мысты сульфидтік түрге айналдыру. Соның арқасында жарамдылығы аз кендерден жоғары сапалы шикізат алынып, табиғат байлығы арта түскен. Осы екі табысы оны әлемге танытты. 1966 жылы докторлық диссертациясын ойдағыдай қорғап, төрт жылдан соң Қазақ КСР ҒА-ға мүше-корреспондент, бес жылдан кейін академик болып сайланды. 1972 жылы ашылған Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болып тағайындалған. Жаңа оқу орнының құрылысы, оқу-әдістемелік, ғылыми, тәрбиелік және тағы да басқа жұмыстар танымал ғалымды сырттай шаруашылық басшысына ұқсатып жібергенімен, ол қашанғы ұстамды, батыл мінезінен таймады, республикадағы екінші университетті аяғынан тік тұрғызып, жоғары білім берудегі төрт қабырғасын берік

етіп қалап, атақ-даңқын биікке көтеріп берген. 1972 жылы тақырыптық жоспарға 10 жұмыс енгізілсе, арада жеті жыл өткенде 15 ғылыми бағыт бойынша 91 тақырып орындалған. Мәскеу, Ленинград, Новосібір т.б. қалалардың жоғары оқу орындарымен байланыс орнатқан.

Әдебиет саласында Ебіней Бөкетов Абай мен Мұхтар Әуезов шығармаларын талдап, бірсыпыра туындылар жазған сарабал сыншы. Ол студент кезінде-ақ Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Ғабиден Мұстафиндердің алдында өзінің өз қатарынан артық туған асыл жанның бірі екенін дәлелдеп берген.

Е.Бөкетов - Қарағанды Мемлекеттік Университетінің тұңғыш ректоры және негізін қалаушы, академик Евней Бөкетов Қазақстанның химия-металлургия ғылымындағы басты тұлға болды. Сонымен қатар, Қазақстанда белгілі әдеби сыншы, жазушы. Орыс жазушылары мен ақындарының бірқатар аудармаларын қазақ тіліне аударып үлгерген. 1985 жылы Мәскеуде Е.А. Бөкетовтың «Святое дело Чокана» атты очеркі жарық көрді. 1989 жылы Е.Бөкетовтің «Досына алты хат» атты кітабы жарық көрді. 2005-2006 жылдары 6 томдық ғылыми және әдеби-публицистикалық шығармалар жинағының 5 томы жарық көрді. 2007 жылы ЖЗЛ сериясында жазушы М.Сәрсекенің "Евней Букетов" атты



кітабы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді.

Евней Арыстанұлы Бөкетов өзінің шығармашылық өмірінің өркендеуі кезінде, 58-ші жылында көптеген шығармашылық ойларын жүзеге асыра алмай кетті.

СҚО, Шал ақын ауданының әкімдігі;
[«https://kk.wikipedia.org»](https://kk.wikipedia.org)



ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАНЫҢ БЕЙНЕСІН ЖАСАҒАН ШЕБЕРЛЕР

15 қараша – Ұлттық Валюта Күні. 1993 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ақшасы теңге айналымға енді. Бұл оқиға жас мемлекеттің экономикалық егемендігін нақты айқындап, дербес қаржы жүйесін қалыптастыру жолындағы шешуші қадам болды. Ол тек экономикалық тұрақтылықтың емес, ұлттық бірегейлік пен мәдени тұтастықтың көрінісіне айналды. Әлемнің жетекші елдерімен терезесі теңескен жас мемлекет өзінің төл валютасы арқылы саяси тәуелсіздігін экономикалық тұрғыдан бекемдей түсті. Ұлттық валютаның дүниеге келуі – ұзақ дайындық пен жауапкершілігі жоғары шығармашылық еңбектің жемісі. 1992 жылы Мемлекеттік банк тапсырмасымен арнайы дизайнерлер тобы құрылып, теңгенің көркемдік тұжырымдамасы мен визуалды бейнесін жасауға кірісті. Бұл істің басында өз ісінің хас шеберлері тұрды. Олар: Тимур Сүлейменов, Мендібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Досбол Қасымов және Хайролла Ғабжалилов. Бес бірдей суреткер мен дизайнердің бір мақсатқа ұмтылған еңбегі арқылы бүгінде барша қазақстандық үшін қадірлі әрі мақтаныш нышанына айналған ұлттық валюта дүниеге келді. Ендеше сол тұлғалармен толығырақ танысайық.

Тимур Бимашұлы Сүлейменов – Қазақстан теңгесінің алғашқы дизайнының авторы әрі шығармашылық топтың жетекшісі, еліміздің сәулет және өнер саласындағы көрнекті тұлғалардың бірі. Ол 1943 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Ленинград инженерлік-құрылыс институтында сәулет мамандығы бойынша білім алғаннан кейін, отандық дизайн мәдениетінің қалыптасуына үлкен үлес қосты. Қазақстандағы заманауи графикалық және индустриялық дизайн мектебінің негізін қалаушылардың бірі саналады.

Тимур Сүлейменов 1992 жылы Қазақстанның Ұлттық банкі тапсырыс берген тарихи жобаның бас дизайнері әрі үйлестірушісі болды. Топтың алдында үлкен әрі жауапты міндет тұрды. Олар тәуелсіз елдің рухын, мәдениеті мен тарихын айшықтайтын, сонымен бірге халықаралық стандарттарға сай қорғаныс элементтері бар жаңа валютаның бейнесін жасау керек еді. Сүлейменовтің басты идеясы теңгені тек төлем құралы емес, ұлттық сана мен мәдениет айнасына айналдыру болды. Ол банкнот беттерінде қазақ халқының ұлы тұлғаларының бейнелерін орналастыруды ұсынды. Осылайша, алғашқы теңге купюраларында Әбу Насыр әл-Фараби, Сүйінбай Аронұлы, Абылай хан және басқа тарихи қайраткерлердің портреттері көрініс тапты.

Теңге эскиздері 1993 жылы Англиядағы әйгілі Harrison & Sons баспасында басылып шықты. Ол кезде теңгенің көркемдік шешімдері мен графикалық нақыштары жоғары халықаралық бағалауға ие болған. Ұлттық валютаның тұжырымдамасы толығымен Қазақстанда жасалып, тек басып шығару процесі шетелде жүзеге асырылды.

Тимур Сүлейменов кейінгі жылдары да елдің мәдени және көркем өміріне белсене араласты. Ол Қазақстан дизайнерлер одағының төрағасы болып қызмет атқарды, көптеген жас суретшілер мен сәулетшілердің ұстазы атанды. Оның еңбегі үшін «Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері» атағы беріліп, түрлі мемлекеттік марапаттармен атап өтілді. Атақты дизайнер 2018 жылы 10 мамырда Алматы қаласында ұзаққа созылған сырқаттан қайтыс болды.

Мендібай Қойшыбайұлы Алин – кәсіби суретші-график, ұлттық валютаның көркемдік тұжырымдамасын қалыптастыруда айрықша рөл атқарған тұлға. Ол 1953 жылы Алматы облысында дүниеге келген. Н.В. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін тәмамдаған соң, Мәскеудегі әйгілі Полиграфия институтында білім алып, графикалық дизайн мен баспа ісінің қыр-сырын меңгерді. Бұл білім мен тәжірибе кейін ұлттық валютаны жасау барысында ерекше пайдасын тигізді.

Меңдібай Алин 1992 жылы Қазақстан Ұлттық банкі құрған дизайнерлер тобында жұмыс істей бастады. Сол кезеңде оның міндеті – теңгенің жалпы композициялық шешімін жасау, графикалық элементтер мен ұлттық өрнектерді үйлестіру, банкноттардың көркемдік тұтастығын қамтамасыз ету болды. Ол алғашқы банкноттардың бетіне қазақтың ұлы тұлғаларының бейнелерін енгізуді қолдаған әрі сол портреттерді орындауға тікелей атсалысқан. Алин әр сурет арқылы тарих пен мәдениеттің өзара сабақтастығын көрсетуге тырысты. Суретші сонымен қатар банкнот дизайнының техникалық жағын да ескерді. Қауіпсіздік белгілерін енгізу, түстердің үйлесімін табу, ұлттық нақыш пен заманауи графикалық стильді үйлестіру оның басты міндеттерінің бірі болды.

Кейінгі жылдары Меңдібай Алин Қазақстан Ұлттық банкінде бас дизайнер ретінде қызмет атқарып, теңгенің бірнеше жаңа серияларының жасалуына жетекшілік етті. Оның бастамасымен «әл-Фараби кезеңі» деп аталатын жаңа банкноттар сериясы дүниеге келді. Бұл серияда ұлттық тарих пен заманауи Қазақстанның жетістіктері үйлесім тапқан. Бүгінде Меңдібай Алин – өз ісінің майталманы, ұлттық валютаның көркемдік тарихында өшпес із қалдырған тұлға. Оның еңбегі арқылы теңге тек төлем құралы ғана емес, қазақ халқының мәдениеті мен болмысын айшықтайтын өнер туындысына айналды.

Ағымсалы Дүзелханұлы Дүзелханов – Қазақстанның көрнекті суретшісі, графика шебері. Ол 1951 жылы Қызылорда облысының Қазалы ауданында дүниеге келген. Алматы көркемсурет училищесін, кейін Мәскеудегі В.И. Суриков атындағы көркемсурет институтын тәмамдаған. Кәсіби суретші ретінде ол Қазақстан бейнелеу өнерінің дамуына зор үлес қосып, графика, кітап иллюстрациясы және қолданбалы өнер саласында ерекше қолтаңбасымен танылған.

1992 жылы ел тәуелсіздігімен тұспа-тұс келген тарихи кезеңде Ағымсалы Дүзелханов Қазақстан теңгесінің алғашқы нұсқасын әзірлеу жөніндегі дизайнерлер тобына шақырылды. Дүзелхановтың негізгі міндеті – банкноттардағы портреттер мен ұлттық символика элементтерін көркемдік тұрғыдан орындау, майда графикалық детальдарды айқындау болды. Ол әр купюраның бет бейнесін жасау кезінде ерекше ұқыптылық танытып, адам бейнелерін дәуір рухымен астастыра бейнеледі. Ағымсалы Дүзелханов теңге дизайнында ұлттық рухты, қазақ халқының эстетикалық талғамын және тарихи мұрасын көрсетуге тырысты. Оның айтуынша, алғашқы теңге эскиздерін дайындау оңай болмаған. Суретшілер тәулік бойы жұмыс істеп, кейде ұсақ сызықтарды микроскоп арқылы салуға мәжбүр болған. Әр элементтің дәлдігі банкноттың қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етудің кепілі еді.

Теңге жобасынан кейін де Ағымсалы Дүзелханов еліміздің мәдени өмірінде белсенді қызмет атқарды. Ол көптеген кітаптардың иллюстрациясын жасап, Абай, Мұқағали, Фариза секілді қазақ әдебиетінің алыптарының шығармаларына көркем бейне берді. Сондай-ақ, ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының алғашқы эскиздерін жасау ісіне де қатысқан. 2003 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, 1996 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ие болды. Өмірінің соңына дейін сурет өнеріне адалдық танытқан Ағымсалы Дүзелханов 2025 жылы тамыз айында дүниеден өтті. Оның есімі мен еңбегі ұлттық мәдениет пен өнер тарихында мәңгілік сақталады.

Досбол Мақсұтұлы Қасымов – Қазақстанның белгілі

суретшісі, иллюстратор әрі дизайнер. Ол 1960 жылы 11 қазанда Ақмола облысындағы Щучинск қаласында дүниеге келген. Бала кезінен бейнелеу өнеріне құштар болып, кейін бұл бағытта кәсіби білім алды. Оның шығармашылық жолы графикалық өнер, кітап иллюстрациясы және қолданбалы дизайн салаларымен тығыз байланысты болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, 1992 жылы, Қазақстан теңгесінің алғашқы дизайнын жасау бойынша құрылған дизайнерлер тобына Досбол Қасымов та шақырылды. Бұл тарихи міндеттің маңыздылығын түсінген ол өз шығармашылық шеберлігін толық арнады. Оның жұмысы негізінен теңге банкноттарының техникалық нақтылығына, элементтердің үйлесіміне және көркемдік реттілігіне бағытталды. Қасымов банкноттың тек сыртқы келбетін емес, оның қорғаныс белгілерін, жарыққа қарсы элементтерді, түс пен текстураның сәйкестігін де ескерді.

Бұдан кейін де Досбол Қасымов ұлттық мәдениет пен өнерге белсенді еңбек сіңірді. Ол Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі ретінде бейнелеу өнерінің түрлі бағыттарында шығармашылықпен айналысты, сонымен бірге көптеген мәдени жобаларға қатысып, жас суретшілерге ұстаздық етті. Оның еңбектері отандық көрмелерде және халықаралық арт-форумдарда көрсетілді. Қазақстанның өнер кеңістігінде Досбол Қасымов – өз қолтаңбасы бар суреткер. Ол үшін теңге тек қаржылық құжат емес, ұлттық сана мен елдік мақтаныштың көрінісі болды. Оның ұлттық валютаның алғашқы бейнесін жасау ісіне қатысуы – ел тарихындағы маңызды мәдени кезеңнің ажырамас бөлігі болып қала бермек.

Хайролла Мағауияұлы Ғабжалилов – Қазақстанның белгілі сәулетші-дизайнері, суретші және қоғам қайраткері. Ол 1950 жылы Қарақалпақстанның Тахтакөпір ауданында дүниеге келген. Кейіннен Қазақстанға қоныс аударып, өнер мен сәулет саласында кәсіби жолын бастады. Дизайн мен архитектура бағытында жоғары білім алып, шығармашылық ізденістерін ұлттық рух пен заманауи ой-тұжырымдар негізінде дамытты.

1992 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жаңа еншілеп жатқан тұста, Ұлттық банктің тапсырысымен теңгенің алғашқы нұсқасын әзірлеу үшін құрылған дизайнерлер тобына Хайрулла Ғабжалилов шақырылды. Ол осы топта суретші ретінде ерекше рөл атқарып, банкноттардың көркемдік және идеялық тұтастығын жасау, ұлттық символика мен заманауи графика элементтерін үйлестіру бағытында еңбек етті. Оның шығармашылық ұстанымы – «ұлттық ерекшелікті сақтау және жаңа мемлекеттің рухын көрсету» болды. Ғабжалилов теңге дизайнын әзірлеу барысында қазақ халқының мәдениетіне тән айшықты белгілерді – ою-өрнектерді, сәулеттік бейнелерді, тарихи рәміздерді қолданды. Сонымен бірге, әр банкноттың көрінісі көркемдікпен қатар заманауи қорғаныс талаптарына да сай болуын қамтамасыз ету үшін техникалық топпен тығыз жұмыс істеді.

Суретші тек теңге жобасымен шектеліп қалған жоқ. Кейіннен ол Қазақстандағы дизайн мәдениетінің дамуына белсене араласып, түрлі әлеуметтік және мәдени жобаларды жүзеге асырды. Хайрулла Ғабжалилов – «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының президенті ретінде ұлттық тарих пен мәдениетті зерттеуге, оны заманауи көзқараспен дәріптеуге де үлес қосты. Оның еңбектері сәулет пен дизайн саласында жоғары бағаланып, елдегі мәдени және қоғамдық өмірдің белсенді қатысушысы ретінде танылды.

Ернұр ІЗІМ
<https://e-history.kz/>



**СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ «КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІНІҢ»
ОҚУШЫЛАРЫ ПЛАСТИК ҚАҚПАҚТАРДАН ЕСОВОХ
ДАЙЫНДАДЫ**

Семей қаласы №51 «Келешек мектебінде» оқушылардың экологиялық мәдениетін дамыту мақсатында STEM бағыты негізінде ЕсоВох жобасы жүзеге асырылды. 6–7 сынып оқушылары пластик бөтелке қақпақтарын жинап, оларды қайта өңдеу арқылы мектеп дәлізіне арналған экоқоқыс жәшігін дайындады.

Жұмыс барысында оқушылар пластиктің қасиеттерін зерттеп, жәшік макетін жасап, қақпақтарды біріктіру тәсілдерін тәжірибеде меңгерді. Сонымен қатар жәшіктің өлшемдері мен пішіндік пропорцияларын есептеп, STEM бағыттарының (Science, Technology, Engineering, Mathematics) негізгі элементтерін қолданды.

Оқушыларға идея республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында келді. Балалар айналадағы пластик қалдықтарының қаншалықты көп екенін түсінген. Оқушылардың айтуынша: «Әр жиналған қақпақ – таза елге қосылған бір кішкентай қадам».

Оқушылар шамамен 2100 қақпақ пайдаланған. Дайын ЕсоВох мектеп ішінде орнатылып, пластик қалдықтарды сұрыптап жинауға мүмкіндік беріп отыр. Алдағы уақытта мектеп ұжымы қақпақтардан ЕсоВох (экоорындық) жасау, мектеп ауласын экологиялық материалдармен абаттандыру және «STEM ЕсоLab» бұрышын ашып, тәжірибелік экожобаларды кеңейту бойынша жұмысты жоспарлап отыр.

ОАМ ресми сайтынан

Журналистикаға басқан қадамдарың құтты болсын!



Биылғы жаңа оқу жылы басталғалы мамандығын таңдап алып, сол жолда еңбек ете бастаған мектептің 11-сынып оқушыларымен танысудамыз. Солардың бірқатары журналист болуды мақсат етіп, шығармашылыққа ден қойып кетіпті. Редакцияға хабарласып, жазған-түйгендерін жолдауда. Жазған дүниелері Республикалық Farabi shakirti журналы мен www.farabishakirti.kz жарияланып келеді.

Жастарға жақсы тілек айта отырып, армандарың орындалып, мақсаттарыңа жетулеріңе тілектестік білдіре отырып, қыркүйек айынан бергі кезеңде ерекше ізденіс иелерін «Жас тілші» атануымен құттықтаймыз!

1. АХМЕТЖАН Балнұр, Абай ұлттық мектебінің 11- сынып оқушысы
Жетекшісі: ТӨЛЕУЖАНОВА Жансая Санатқызы

2. Айзат БАҚБЕРГЕН, Ұ.Бағаев атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы.
Алматы облысы, Кеген ауданы, Алғабас ауылы.
Жетекшісі: БЕКБАТЫРОВА Бекзат

3. ЖАҚСЫБАЙ Перизат, Жамбыл Жабаев атындағы №161 лицейдің 11 «Ә» сынып оқушысы.
Алматы қаласы, Медеу ауданы.
Жетекшісі: Айгерім ЕСІМХАН

4. ШАЙДАРБЕКОВА Айғаным, Алматы қаласы, Абай атындағы РММИ 11 «В» сынып оқушысы,
Жетекшісі: ТӨЛЕУЖАН Жансая Санатқызы.



ЕКІ АЛЫПТЫҢ МЕРЕЙТОЙЫ ЮНЕСКО ДЕҢГЕЙІНДЕ АТАЛЫП ӨТЕДІ

Әйгілі опера әншісі Ермек Серкебаев пен көрнекті кинорежиссер Абдолла Қарсақбаевтың 100 жылдық мерейтойлары ЮНЕСКО көлемінде аталып өтетін атаулы күндер тізбесіне енгізілді. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин мәлім етті. Оның айтуынша, бұл шешім – қазақ өнері мен мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосқан тұлғалардың халықаралық деңгейде мойындалуының айқын дәлелі әрі еліміздің мәдени дипломатиясы үшін маңызды жетістік болып отыр.

ЮНЕСКО-ның Атаулы күндер күнтізбесі – мемлекеттер ұсынған әрі халықаралық деңгейде аталып өтетін мәдени, ғылыми, гуманитарлық және тарихи маңызды күндерді біріктіретін ресми тізім. Бұл тізімге енгізілген мерейтойлар әлемдік деңгейде конференциялар, көрмелер, ғылыми форумдар, мәдени шаралар арқылы насихатталады. Ермек Серкебаев пен Абдолла Қарсақбаевтың 100 жылдық мерейтойларын 2026–2027 жылдары ЮНЕСКО аясында атап өту туралы шешім ЮНЕСКО Бас конференциясының Самарқанд қаласында өткен 43-ші сессиясында қабылданды. Бұл – ұлттық өнер мен мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаларға көрсетілген халықаралық құрметтің жарқын көрінісі.

Ермек Бекмұханбетұлы Серкебаев – қазақ опера өнерінің алтын қорын жасаған, «Қазақтың бұлбұлы» атанған дауысы әлем сахналарында талай рет жаңғырық тапқан дара тұлға. Оның шығармашылығы орындаушылық мәдениетті жаңа деңгейге көтеріп, қазақ операсының халықаралық аренада танылуына жол ашты. Ал Абдолла Қарсақбаев – қазақ киносының классигі, қазақ балалар киносының негізін қалаушылардың бірі. «Менің атым Қожа» фильмінің режиссері ретінде әлемге танылған Қарсақбаевтың туындылары шынайылығы, адамгершілік құндылықтарды насихаттауы және балалар психологиясын дәл бейнелеуімен ерекшеленеді. Оның жұмыстары халықаралық фестивальдерде бірнеше мәрте жүлде алып, қазақ киноөнерінің дамуына зор серпін берді. Бұл екі тұлғаның мерейтойларын ЮНЕСКО аясында атап өту – тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл өңірдің мәдени

құндылықтарын танытатын маңызды тарихи оқиға.

ЮНЕСКО Хатшылығының дерегінше, 1956 жылдан бері 1 234 атаулы күн халықаралық деңгейде мерекеленген. Соның 31-і Қазақстанның ұсынысы бойынша жүзеге асқан. Бұл біздің елдің мәдени мұрасының халықаралық қоғамдастық тарапынан жоғары бағаланатынын көрсетеді. Осы уақытқа дейін халықаралық ұйымның қолдаған бастамаларының қатарында Абай Құнанбайұлының 150 жылдығы, Шымкент қаласының 2200 жылдығы, Алматы қаласының 1000 жылдығы, Мұхтар Әуезовтің, Қаныш Сәтбаевтың, Сәбит Мұқановтың 100 жылдық мерейтойлары бар.

Қазақ операсы мен киносының алтын дауысын, қайталанбас қолтаңбасын қалдырған тұлғалардың мерейтойларының ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтуі – еліміздің мәдени мұрасын әлемге танытудың маңызды қадамы. Бұл шешім олардың шығармашылығына көрсетілген халықаралық құрмет қана емес, келешек ұрпаққа рухани байлығымыздың құндылығын ұғындырудың да бір жолы. ЮНЕСКО алаңында қазақ мәдениетінің осындай жауһарларын дәріптеу – ұлттық өнердің әлемдік мәдени кеңістікте лайықты орын алуына қосылған үлкен үлес. Алдағы мерейтойлық іс-шаралар Қазақстанның мәдени дипломатиясын нығайтып, халықаралық қауымдастықта қазақ өнері туралы тереңірек түсінік қалыптастыруға ықпал етпек.

Ернұр ІЗІМ
<https://e-history.kz/>

Мектепшілік бақылау мен басқарудың мәні және маңызы

Мақсаты: білім беру ұйымы ішіндегі сапа менеджментін дұрыс құрудың теориялық және практикалық негіздерін игеру.

1. Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде мектепшілік басқару мен бақылау — оқу-тәрбие процесінің сапасын қамтамасыз ететін негізгі тетік. Бұл үдерістер білім беру ұйымының даму стратегиясын айқындап, педагогтардың кәсіби қызметін үйлестіріп, оқушылардың білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Мектепшілік басқару мен бақылау — тек әкімшілік әрекет ғана емес, ол педагогикалық ұжымның бірлескен шығармашылық жұмысын ұйымдастырудың негізі.

2. Мектепшілік басқарудың мәні

Мектепшілік басқару — бұл білім беру ұйымының ішкі ресурстарын (адам, материалдық, әдістемелік және ақпараттық) тиімді ұйымдастыру мен үйлестіру арқылы білім беру сапасын арттыруға бағытталған жүйелі әрекет.

Басқарудың негізгі қызметтері:

- **Жоспарлау** — мектеп дамуының мақсаттары мен міндеттерін анықтау.
- **Ұйымдастыру** — педагогикалық процесті тиімді құрылымдау.
- **Ынталандыру** — мұғалімдердің кәсіби белсенділігін арттыру.
- **Бақылау және түзету** — орындалған жұмыстың нәтижесін бағалау және кері байланыс негізінде шешім қабылдау.

Басқарудың бағыттары:

- Оқу процесін басқару; Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру; Әдістемелік жұмысты үйлестіру; Педагогикалық кадрлармен жұмыс; Ата-аналармен және қоғаммен байланыс.

3. Мектепшілік бақылаудың мәні

Мектепшілік бақылау — бұл мектепшілік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде оқу-тәрбие процесінің жағдайы мен нәтижелерін жүйелі түрде зерттеу, талдау және бағалау процесі.

Бақылаудың мақсаты:

- Оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыру; Педагог қызметкерлердің жұмысын әдістемелік тұрғыда қолдау; Ішкі сапа менеджментін жүзеге асыру; Әкімшілік шешімдер қабылдауға негіз жасау.

Бақылау түрлері:

- Жоспарлы және жедел (күтпеген); Жаппай және жеке; Құжаттық, ауызша, сабаққа қатысу арқылы бақылау; Өзара бақылау және өзін-өзі бақылау.

Бақылаудың кезендері:

1. **Жоспарлау** — бақылау мақсаты мен формасын анықтау
2. **Өткізу** — бақылау жүргізу (сабаққа қатысу, әңгімелесу, құжаттар талдау)
3. **Талдау** — алынған мәліметтерді сипаттау



4. **Қорытынды жасау және шешім қабылдау**

5. **Кері байланыс беру** — ұсыныс, нұсқау, қолдау көрсету

4. **Мектепшілік басқару мен бақылаудың өзара байланысы**

Бақылау — басқарудың құрамдас бөлігі. Басқару әрекеттерінің тиімділігі бақылау нәтижелері негізінде бағаланады. Бақылау арқылы анықталған кемшіліктер басқару шешімдерін қайта қарауға, оқу-тәрбие процесін түзетуге мүмкіндік береді.

Бақылаусыз басқару — бағытсыз қозғалыс, Басқарусыз бақылау — мақсатсыз әрекет.

5. Мәні мен маңызын қорытындылау

Мәні	Маңызы
Жүйелі ұйымдастыру әрекеті	Білім сапасын арттыру құралы
Басқару шешімдерін қабылдау негізі	Мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету
Ішкі даму стратегиясын анықтау	Педагогикалық ұжымды біріктіру
Ресурстарды тиімді пайдалану	Оқу процесіндегі проблемаларды анықтау
Мектеп ішіндегі тәтіп пен мәдениетті қалыптастыру	Жауапкершілік пен кәсіби рефлексияны дамыту

6. Қорытынды:

Мектепшілік бақылау мен басқару — мектептің дамуын қамтамасыз ететін негізгі тетік. Тиімді ұйымдастырылған басқару жүйесі мен әділ әрі әдістемелік бағытталған бақылау білім беру сапасын арттырып қана қоймай, педагогтардың кәсіби дамуына жол ашады. Қазіргі заманғы мектеп басшысы бақылауды жазалау құралы емес, қолдау мен дамыту құралы ретінде қарастыруы тиіс.

ОРАЗБЕКОВА Сабыркуль Тулькибаевна

Алматы қаласы, Әуезов ауданы,

«№133 мектеп-гимназия»

директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары



«АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА» ПОЭМАСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ

М. Мақатаев

Кіріспе: Сабағымның кіріспесін ақынның поэмасының үзіндісінен бастадым. Ерте заманда болған, не адамның қиялынан туған аңыз әңгіме желісін пайдаланған Мұқағали оны дастанға айналдырды. Дастан оқиғасының өзектілігін бүгінгі күнде де жойған жоқ. Оқушыларға қазақ әдебиеті пәнін тереңдете оқыту арқылы өткенді бүгінгімен салыстырып, ЖИ пайдаланып сауаттылығын арттыру, ойлау қабілетін дамыту, өзекті мәселені бірлесіп талқылап, орындауға мән беруді үйретемін.

Мақсаты: әдебиет арқылы ұлттық құндылықтарды қастерлеуді, оған бей-жай қарамай, күнделікті пайдалана білуге баулу. Әдебиет сабағында,



ақындардың өлеңдері арқылы жасөспірімдерді Отансүйгіш, еңбекқор бола отыра, кітап оқуға құштарлығын арттыру.

Жауапкершілігі жоғары, машақаты өзінен жетіп артылатын, соған қарамастан шәкірт жүрегінен орын алатын ұстаз мамандығын таңдағанға дейін ғасыр ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын жаттап, өстік. Бала көңілден бір өлеңін шабыттанып оқыдық, біреуіне мұңайдық. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын оқып, өлім аузында ата-анасынан ажалға араша сұрап жатқан нәрестені, ұлының дертіне дауа таппай жаны күйзелген әкені елестеткенде біз ауырсақ, ата-анамыз дәл осы күйді кешеді екен деп жанымыз ауырды. Тәуіп шалдың баланы аққудың қанатымен ұшықтаса, адам қатарына қосылады деп берген жалған сөзін шындай көріп, күйеуінің қолындағы мылтығын алып «Жетім көлдегі» аққуды атуға келіп құс киесін нысанаға алуға жүрегі дауамай тұрғанда кенеттен мылтық атылып кетеді де, аққуға тигенде, үйдегі баласының жан тәсілім еткеніне өксігімізді баса алмай жылағанбыз.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 8 - сыныпта сабақ өткен сайын «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы менің алдымнан жаңа панорама ашады. Қайталап оқудан өзім де жалықпаймын. Оқушылар да поэманы бар ыждаһатымен оқып, жаттап, актерлік шеберлігі басым оқушылар образға кіріп кететіні – маған жаңа қырынан шабыт сыйлайды. Шығармада ата-ана, бала, тәуіп шал мен жылқышы, бес қана кейіпкер бүкіл шығарманың шырайын ашып береді. Бұл – ақынның құдіреттілігі, поэзия құдіреттілігі десек, орынды айтылған дер едім. Поэма 1973 жылы жазылған. Жарты ғасырдан астам уақыт оқырмандарын жоғалтпаған шығарма.

Айталық, психологиялық параллелизм, перипраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис қолданысын пайдалана отырып, оқушылармен бірге талдаймыз. Оқушылар талдай алатын тұстарды өздеріне сұрақ қоя отырып, мазмұнын бүгінгі мысалдармен толықтырамын. Арасында үй тапсырмасын орындау сәтін «Ыстық орындық» әдісін пайдалана отырып, сұрақтар қойып, талқылаймыз. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында, аққу құсына байланысты сурет, музыкалық шығармаларды атаймыз. Қазақстанның Еңбек Ері, композитор Нұрғиса Тілендиевтың «Аққу» күйін тыңдаймыз.

Шығармада айтылған аққуға байланысты топтық жұмысқа тапсырма беріп, табиғат туралы үзіндіні оқытамын. Аққудың әсемдігін сурттеген жолдарды жаттайды. Аққудың мүшкіл халін суретпен көрсетеді. Дескриптор: табиғат, аққудың сұлулығы суреттелетін үзіндіні анықтайды; жаралы аққу бейнесіне талдау жасайды. Баяндау, пейзаж, суреттеулерге мысалдар келтіреді. Аққу мен кейіпкер арасындағы психологиялық параллелизмді анықтайды. Риторикалық сұрақты кейіпкер монологының ішінен табады. Топтар бір – бірін бағалайды. «Мен үшін аққу...» тақырыбында постер қорғайды. Бұл сабақ барысындағы 3- тапсырма. Қалыптастырушы бағалау сәтінде, «Ыстық орындық», «Егер мен автор болсам...» оқушылар автор бейнесіндегі оқушыға шығарманы оқу барысында туындаған сұрақтарын қояды. Рефлексия: қабырғадағы суреттердің тұсына барып, оқушы өзінің сабақ барысындағы іс-әрекетін бағалайды.

Үй тапсырмасын алады.

**КАЗЫЕВА Гавхар Дуйсенбаевна,
Түркістан облысы, Шардара ауданы,
Алатау батыр ауылы,
Сырбек Каттебеков атындағы жалпы
білім беретін мектеп
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

ТӘРБИЕНІҢ ЗАМАНАУИ ҚҰРАЛДАРЫ: ПОДКАСТ, ВЛОГ, ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Кіріспе: Мемлекет басшысы Жолдауынан кейін елімізде «Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі» құрылды. Министрлік және электрондық өнеркәсіп, елдің ғылыми-техникалық дамуы, геодезия, картография және кеңістіктік деректер, ақпараттандыру, «электрондық үкімет», дербес деректер және оларды қорғау, цифрлық активтер, жобалық басқару салаларындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларында, сондай-ақ байланыс, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту салаларында және деректерді басқару бойынша басшылық жасауды және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Біз ең әуелі жасанды интеллект деген сөзді жұмысымызбен байланыстырмай жатып, әлеуметтік желілерді, Chrome, Google, Safari платформаларын меңгере бастадық. Whatsapp желісін пайдалану, тіпті телефонмен сөйлескеннен де жылдам, әсіресе пандемия кезінде балалармен сабақ оқи отыра Whatsapp желісін жылдам меңгеріп алдық. Енді, міне баланың цифрлық сауаттылығын арттырып, сапалы сабақ оқытуға, тәлімді тәрбие беруге ЖИ көмегінің айрықша екенін көріп отырмыз.

[1] «Жасанды интеллект» сөзін алғаш рет 1956 жылы Дартмут университетінде өткен конференциясының преамбуласында Джон Маккарти қолданған. [1] <https://kk.wikipedia.org/wiki>. Жасанды интеллектіні пайдалануда мектеп мұғалімдеріне жүктелер жауапкершілік жоғары болып отыр. ЖИ – бүгін мұғалімнің сенімді көмекшісіне айналып келеді. Шәкірттерге ежелден ата-баба тағлымымен жадымызға сіңген ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, балалар мен жасөспірімдерді заманауи тәрбие құралдарын дұрыс меңгеруді үйретуіміз қажет деп білемін. Өміріміз цифрлық бағдарламаларды пайдалану арқылы жеңілдеді дегенімізбен, бала тәрбиесіне келгенде көптеген платформалардың балалар өміріне, әсіресе өтпелі жас кезінде қауіпті екеніне қатты бақылау орнатуымыз керек.

Біздің балаларымыздың технологияны пайдалану қабілеті бізге қарағанда анағұрлым ілгері, оқушылардың осы саладағы қабілетін пайдаланып, сабақты, тәрбие сағаттарын қай формада өткізгенді қалайтыны туралы сауалдама жүргізіп, әр оқушының қалауын талқыладық. Балалардың жауаптарын топтастыра келе, оларға қазіргі подкаст ұнайтынын білдік. Соған орай, оқушыларға тақырып бөліп беріп, бір-бірімен подкаст жүргізуді бірлесе үйренудеміз. Бұл – оқушыларды жалықтырмайтын диалог. Емін-еркін отырып, ой-пікірі, болашағы, еліміздің ертеңі қалай елестетеді, оған өзінің


мектеп бітірген соң қосатын үлесі туралы ойларын ашық айтады.

Влог жүргізе білу де – өзіндік өнер деп айтар едім. Бұл – бұрынғы біздің күнделігіміз десек, қателеспейміз. Оқушылар өздерін қызықтыратын тақырып төңірегінде видео түсіріп, монтаждап желіге жүктей алады. Ойларын телефонға жинақтайды. Тапсырмаларды орындайды. Жеке тапсырма алып, слайд жасап, тапсырмалар бойынша презентация жасап, үйренуде. Қарап отырсақ, жаңа заманның тәрбие құралдары кез келген тақырыпта қажетті материал табуға, өңдеуге және өз шығармашылығын дамытуға мүмкіндік беріп отыр. Озық технологиялардың мүмкіндігін instagram, Whatsapp желісінен күнде байқап отырмыз. Блог (ағылш. blog, web log дегеннен, «желі журналы не оқиға күнделігі») - үнемі үстелінетін ұзын емес жазбалардан, суреттерден, таспалардан тұратын мәнді мағлұматы бар торап.

Оқушыларды жаңа заман тәрбие құралдарын пайдалана отырып, оларға өте мұқият қарау – ата-ана мен мектептің міндеті болып отыр. Гаджетте ақпараттық шектеу жоқ. Кез келген нүктені басу арқылы қажет ақпаратыңыз алдыңызда тұрады. Баланың миын улайтын жасына лайық емес сайттарға құмартып кетпес үшін ата-ана ұл-қызының телефонын қадағалап отыруы тиіс. Мектеп мұғалімдері де бұл істі қараусыз қалдырмайды. Ата-ана да телефоны арқылы әлеуметтік желілердің пайдасы мен зиянын айтып, кейбір бала өміріне қауіп төндіретін жайттарды есіне жиі салып отырса, игі. Ұстаздар да сабақта ЖИ пайдалана отырып, түрлі көрнекіліктер, тарихи тұлғалардың ғибратты сөздерін, өмір жолынан өнегелі тұстарын айтатын тапсырма беріп, үнемі ізденіске жетелеп келеміз.

ЖИ – дің негізі дерегі, шексіз ақпараттар қойнауы. Сол қойнаудан тәрбиеге қажетті деректерді алып, шәкірттерге білім берудің ұлттық құндылықтарына негізделген тәрбие жұмыстарын өткізу өте маңызды. Мектептерде, соның ішінде тәрбие жұмысында ЖИ пайдалану мұғалім үшін айтарлықтай жеңілдетілгенін байқаймыз. ChatGPT-нің де артықшылығы – дерек қорының молдығында. Кез келген сұрақтың жауабын таба аламыз. ЖИ оқушы мен ұстазға барлық жұмысын жеңілдетсе, ойлау қабілеті, шығармашылыққа деген құлшынысы төмендеп кетпей ме? деген сұрақтың да бары рас. Алайда, алған ақпарат негізінде өзімізге қажетті дүниелерді жинақтап, өз ұсынысымыз бен идеямызды қосу арқылы керемет дүниелер шығаруға мүмкіндік береді. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, жаңалыққа ұмтылдыратынын байқап келеміз.

ИМАНАЛЫ Гульзат Меирхановна,
Алматы қаласы, №133 мектеп-гимназиясы
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.





МӨНКЕ БИДІҢ 350 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ АТАЛЫП ӨТТІ

Қазақ даласының аса көрнекті сұңғыла дана-сәуегейлерінің бірі - Мөнке Тілеуұлы. Мөнке Тілеуұлын барлығымыз Мөнке би деп танимыз. Қазіргі Қазақстанның Ақтөбе облысы, Шалқар ауданында туған. Ол текті отбасыдан шыққан және өзінің биік міндетті атқаруға келгенін сезінген. Мөнке би өзінің ерекше сұңғұлалығы мен көріпкелдік қасиеті үшін «Ұлы Даланың Нострадамусы» деп халық оны атап кеткен.

Мөнке бидің 350 жылдық мерейтойы, Ақтөбе облысының Ақшат ауданының төңірегінде болды. Бұл мерей тойға халық қатты дайындалды. Адамдар ерте барып, дастархан жасап, от жағып, қазанға күріш бастыра бастады. Үйлерін күні-түні көрмей, дайындалған адамдар да болды. Мысалға осы мерейтойды ұйымдастырған аға-апаларымыз. Мерейтойға 50-ден астам киіз үй құрылып, оларды шеңбер ретінде орналастырған. Бұл киіз үйлерді рулар болып бөлініп, әр ру 1-2 киіз үй тіктірген. Әр киіз үйдің артында қазан, ошағы болды. Әр киіз үйде бір ру орналасты. Мысалы, Жақайым руы бір киіз үй тіккізді.

Киіз үйден құралған шеңбердің ортасында, қазақ күресіне арналған сахна болды. Мерейтойға келген қонақтар қазақ күресіне өздері жазыла алды. Жазылу аяқталған соң, күрес болмай тұрып, қатысушыларды таныстырды және қатысушылар әр-түрлі қаладан келген. Қазақ күресі басталып, қызығып сахнаның жанына жиналғандар өте көп болды. Ең бастысы қауіпсіздік ережесін ұмытпай, сахнаның жанына жедел жәрдем көлігі келіп тұрды және ұлттық ұланның адамдары жан-жақтан адамдарға қарап тұрды. Тек қана қазақ күресі емес, тағы асық атып ойнап, жатқан балалар мен жасөспірімдер

де болды. Асық атып, ойнап жатқан балаларды қарап қана қоймай, олармен бірге ойнауға болады, тек ұйымдастырушыларға барып, жазылу қажет болды. Балалар тек асық ойнаған жоқ, одан басқа шахмат, тоғызқұмалақ ойындарын ойнады. Мерей тойға келген қонақтардың балалары бұл ойындарға қызығушылықпен қатысты.

Ойындардан басқа үлкен сахна орнатылды және көптеген отыратын орындықтарды да жасаған, адамдарға ыңғайлы болу үшін. Бұл үлкен сахна да көптеген өлеңдер мен күйлер ойналды.

Мен бұл мерейтойды, қызыға қарап, Мөнке би атамыз туралы, қонақ болып келген адамдардан және ұйымдастырушының біреуінен сұхбат алдым. Алған сұхбаттарымнан Мөнке би атамыз жайлы көп ақпарат білдім. Біздің ата, ағаларымыздың айтқан әрбір сөзіне тамсана қарап, тыңдадым. Маған аталарымыздың айтқан сөздері мен ақылдары қатты ұнады.

Мөнке бидің 350 жылдық мерейтойы, халық жүрегіне мәңгілік шамшырақ болып қалды. Мерейтойдың жоғарғы деңгейде өтуіне себепші ол - халық. Әр адам кішкентай да болсын өз көмек қолын созды. Күн естен кетпестей болып өтті. Бұл мерейтой «Мәңгілік елдің мәңгілік мұрасы» болып саналатын болады. Мөнке бидің 350 жылдық мерейтойына ат салысып, көмектескен адамдарға, әкімшіліктен алғыс хаттар берілді.

Мәншүк СӨТБАЙ,
Ақтөбе қаласы, «Смарт-білім»
мектеп-гимназиясының 11 сынып оқушысы



Кенес ОРАЗБЕКҰЛЫ
Балалар жазушысы.
Халықаралық «Дарабоз»
бәйгесінің жеңімпазы

ЖЕРҰЙЫҚ, ІЗДЕГЕН КІРПІ МЕН ҚОСАЯҚ

ӘЛҚИССА

Балалар, сендер қайда жүрсендер де, мейлі, қалада, не ауылда немесе табиғат аясында жүрсіндер ме, айналарыңа байыппен қараңдаршы. Үйдің не мектептеріңнің айналасында, көшеде немесе өздерің жүрген табиғат аясында бей-берекет жатқан қоқыс, шашылып жатқан қалдық заттарды байқадыңдар ма? Немесе өздеріңнің құрбы-достарың сондай заттарды кез-келген жерге лақтырып, шашып тастаған болар. Ал ол керексіз заттар мен қоқыстардың айнала ортаға немесе басқа адамдар мен жан-жануарларға, өсімдіктерге зиян-зардабы тиетінін ойлап көрдіңдер ме? Сол жөнінде ойлап көру үшін алдымен сендерге Кірпі мен Қосаяқтың бастан кешкен қызықты оқиғаларын айтып берейін.

БАЙҚҰТ МЕКЕН

Қала түбіндегі көкорай жазықта Кірпі өмір сүретін. Ол бүгін де күндегі әдетімен өзіне тиесілі аумақты шолып шыққан. Мекенін аралап жүргенде таңғы жаймашуақ көңілін күрт құлазытқан жағдай болды. Өзінің күншуақтап демалатын дағдылы мекені – Шетен бұтасының түбіне біреу қоқыс төгіпті. Өткен күні де біреу кітап, газет жыртықтары мен жүн-жұрқа, шүберек қиындыларын төгіп кеткен еді. Бұл жолғысы әк, бояу сияқты құрылыс қалдықтары. Соған қарағанда олар бұл жерді қоқыс төгетін орынға айналдырмақ-ау. Кірпі бір күрсініп, түбіртекке отырды да, түрпі басын қасып ойланып қалды. Дәл алдында кітап парақшасы жатыр екен. Соны алып, жазуларына үңілді.

Кенет бұта түбінен жақын көршісі Қосаяқ шыға келді.

– Әлей болсын! Не істеп отырсың? – деді ол келген бетте жайдары, қошуақ үнмен.

– Кітап оқып отырмын, – деді Кірпі көңілсіз кейіппен.

– Бүгін көңілің жоқ сияқты ғой. Не болған саған?

– Міне, көрмейсің бе, қоқыс тастапты. Бұл жер менің тынығып, дем алатын ең сүйікті мекенім еді. Енді сасық қоқыс төгетін ұсқынсыз жерге айналды.

– Фу-у! – деді Қосаяқ тұмсығын жауып.

– Қалай шыдап отырсың? Жүр аулағырақ барайық.

Олар шоқсары, күнекей мен құртқашаш өскен гүлді алаңға келіп, бір түп жаужапырақтың түбіне отырды.

– Иә-ә, күніміз қандай болып бара жатыр, – деді Кірпі күрсініп. – Темір көліктері әрі-бері жүйіткіп, тыныштығымыз кетті, күні-түні демей жүреді. Және қалай болса, солай ойқастайды. Бұл жерде де тіршілік бар-ау. Мұндағы жан-жануарлар мен жәндіктерді, гүлдер мен өсімдіктерді басып, жаншып, таптаймыз-ау деп ойламайды да.

– Иә, несін айтасың, – деді Қосаяқ досын қостап. – Әсіресе әнебір астындағы түтіктерінен шығатын сасық газдары қолқамызды қауып, сезім-жүйкелерімізді құртып болды ғой.

Соңғы кездері осы түтіннен аллергиям шығып жүр, – деді жорта күрк-күрк жөтеліп қойып.

– Бұл екі аяқтылар бетімен кетіп барады.

– Кім? Бізді айтып отырсың ба?

– Жоқ-ә! Сенің жазығың не. Анау, темір көлікпен жүретін екі аяқтыларды айтам. Өздерінде мына ана – табиғат алдында жауапкершілік, ұқыптылық, парыз, аманат деген түсініктер болсайшы.

– Баяғы байқұт замандар көзімізден бал-бұл ұшты ғой. Қандай тамаша кезеңдер еді, – деді Қосаяқ тамсанып. – Ол кезде анау темір көліктерің жоқтың қасы. Шу, газ, қоқыс дегендерің түсімізге де кірмейтін. Саф таза ауа, айналамыз жайқалған өсімдіктер мен гүлдер. Жыпырлаған алаңсыз тіршілік. Ертеңіміз не болады деп ойламайтынбыз да.

– Иә, әлемгүлістан бақытты күндер екен ғой сол күндер, – деді Кірпі қолындағы әлгі қағазға үңіліп.

– Онда не жазылған екен?

– «Жерұйық» деген бір мекен жайлы жазыпты.

– «Жерұйық»? Ол қандай мекен?

– Түсініктемесінде былай депті ғой: «Жерұйық – бұл қой үстіне бозторғай ұялайтын тыныштық пен бейбітшілік, тазалық пен әсемдік, бақуаттылық пен уайым-қайғысыз өмір өз ара үйлесім тапқан жұмақ мекен», – деп.

– Ой, шіркін-ай! – деді Қосаяқ аузынан сілекейі аға жұтынып. – Ол жұмақ мекен қайда екен өзі?

– Білмеймін. Ертеде Асан қайғы деген баба сол мекенді дүние-әлемді шарлап іздепті ғой.

– Тауыпты ма?

– Қайдан! Іздеп-іздеп, таба алмаған күйі өмірден өтіп кетіпті.

– Өттең! Тапқанда ғой!

– Тапқанда, не істер едің?

– Уайым-қайғысыз бақытты өмір сүрер едік. Әй! Сол Жерұйықты екеуміз іздесек қайтеді?!

– Қайдан іздемексің?

– Мына кең әлемді екеуміз аралап, саяхат шегеміз. Жүрген аяққа жөргем ілінер дейді. Бір жерден болмаса бір жерден



табылып қалар.

– Сонда мына бауыр басқан жерімізді қиып тастап кете береміз бе?

Дәл осы кезде біреу келді де, олардың тұсына бір шелек жуындыны «лоқ» еткізіп төгіп жіберді.

– Өне! – деді Қосаяқ үстін қағып-сілкіп. – Қимайтындай, енді мұнда не дүниен қалды?!

Кірпі де үстін қағып-сілкінді.

– Кеттік! – деді ол бір батыл шешімге келіп. – Несі бар, есесіне ел, жер көреміз.

– Міне, жігіт, достық деп осыны айт! – деп риза болған Қосаяқ оны құшақтай алып еді, қолына тікен-түрпілері кіріп, шоршып түсті.

– Өзіліне болайын сенің! – деді қолын ауырсынып.

– Абайламайсың ба?! – деді Кірпі кеңк-кеңк күліп.

Сөйтіп, екеуі жолға жиналды.

БӨДЕНЕМЕН ҚОҢСЫ ТҮРҒАНДА

Көп жүрді ме, аз жүрді ме, Кірпі мен Қосаяқ кең жазиралы шалғынға аяқ іліктіріп бір-ақ тоқтады. Мұндағы сонау көкжиекке дейін созылған бетеге, бидайық, киікоты, жоңышқа, мия сияқты жұпар иісті шөптерден тұратын жасыл-ала шалғын-теңіз көз қуантады,

– Ой, қандай тамаша жер! – деді қатты әсерленген Қосаяқ Кірпіге қарап. Кейін тұмсығымен айналасын иіскелеп. – М-м-м! Хош иістері қандай! Кірпі, Кірпі, сен де иіскеші, ішпей-жемей мас боласың.

Кірпі де тұмсығын созып иіскеп:

– Иә, жұпар аңқыған тамаша өлке. Бұл жердің иелері қайда екен?

– Кәне, жүре берейікші, алдымыздан кездесер. Бұл жердің шалқып жатқанына қарағанда, иелері де аюдан үлкен алып шығар, – деп секіріп секектеп келе жатып, бір жұмсақ нәрсенің үстіне былқ ете қалғаны.

– Ойбай! Өлтіреді ме, мұнысы несі! – деп, шалғын арасындағы ұясында жатқан Бөдене үстіндегі Қосаяқты қанатымен қағып жіберді.

– Әй, сен не мені... Қанатыңмен қағатындай кім едің сонша, жолымды бөгеп?! – деп Қосаяқ кеудесін керіп еді, Бөдене:

– Кең даладан жол таппай өзің емес пе менің үстіме қарғыған! О несі ей?! Құр бекерге қоқыраймай, көзіңе қарап жүр.

Қосаяқ тағы бір нәрсе айтуға оқталып:

– Өс-өс!... – дей беріп еді, Кірпі оны кеудесінен итеріп:

– Біз шалғынның арасынан сені байқамай қалдық, Бөдене. Сенің шырқынды бұзғанымыз үшін кешірім сұраймыз, – деп, серігі үшін өзі кешірім сұрады.

– Иә, сөйтсеңдерші, айналайындар-ау, кеуде керіп қоқыраңдай бермей.

– Кім, қоқырады, әй! – деп, Қосаяқ тағы ентелей беріп еді, Кірпі күліп:

– Оның сөзін ауыр алып қалма, Бөдене. Мына таза ауадан масайып қалған түрі ғой. Газды ауадан шыққан жоқ па бұл бейбақ. Қазір сабасына түседі өзі, – деді серігіне қарап.

– Е, бәсе! Қайдан келесіндер?

– Біз екеуміз «Жерұйық» іздеп сапар шегіп келе жатқан бетіміз еді. Мына жердің ұйысқан келбетіне қарап, іздеген жеріміз осы-ау деп, ой түйіп келеміз.

– Басқаларға қайдам. Өзім осы жердің иесі ретінде ес білгелі...

– Хм!... – деп Қосаяқ шыдай алмай ішегі қата күліп жіберді. Бөдене оған есі дұрыс па дегендей көзін аларта

қарап тұр еді, Кірпі:

– Бұл әлгінде келе жатқанда мына жердің кеңдігіне қарап, иесі де сондай алып дәу шығар деп ойлаған, сол ойына күліп жатқаны ғой, – деді серігінің қылығын тағы жуып-шайып.

– Кешір, Бөдене, сөзінді бөліп жібердім, – деді Қосаяқ сабасына түсіп. – Иә, тыңдап тұрмыз, айта бер.

– Ес білгелі осы жерде тұрып, балапан өрбіткендіктен бе, бұл жер мен үшін «Жерұйықтай» көрінеді.

– Онда біз көрші қонсақ бола ма?

– Е, Алланың кең жерін қызғанам ба, қаласандар, көрші қонып тұра беріндер, – деді айналасын нұсқап көрсетіп. – Қосекендей көңілді көрші бізге де қажет болып тұр еді, – деді есе қайтара «мырс» етіп.

Қосаяқ жымың-жымың етіп үндемеді.

Сөйтіп, олар сол арадан көп ұзамай ін қазып, Бөденемен араласып-құраласып тұрып жатты. Дегенімен осылай жанба-жан тұрып жатқан көңілді, мамыражай күндері ұзаққа бармады. Олардың шырқы көп өтпей бұзылды. Екі аяқтылар бірнеше көлікпен бұл жерге де келіп, үш-төрт шатыр тігіп, бекем орналасып алды. Күні бойы секіріп ойнағандары жетпей, түнде де ырду-дырду ән айтып, би билеп, айнала төңіректің мазасын алды. Көршілер оған да көндіге бастап еді, екі аяқтылар енді айнала атырапқа шашып қоқыс тастайтынды шығарды. Ол қоқыстары күн өткен сайын иістеніп, баяғы таза ауа да бал-бұл ұшты.

– Қандай мәдениетсіз, ұқыпсыз жандар еді, – деді Кірпі басын шайқап. – Олардың ақыл-саналары бізден артық деуші еді, мен соған шүбәленам.

– Шүбәң орынды, – деді Қосаяқ. – Олардың бастарын есірік құрт мендеп алған. Сол жегі құрт мыйларын кеміріп, ақыл-естерін азайтып жатса керек.

– Ой, қорқам, – деді Бөдене жыламсырап. – Балапан басып шығарып жатыр едім. Бір күні сол балапандарымды мыналар басып, жаншып тастамаса деп үрейленем.

Келесі күні сол Бөдененің шыр-шыр еткеніне екі дос жүгіріп барған.

– Өне, қараңдаршы, – деді Бөдене жерге шашылып жатқан шиша сынықтарын көрсетіп. – Олар әлгінде ғана су ішкен шөлмектерін тасқа ұрып сындырып кетті. Енді менің балапандарымның күні не болады? Аяқтарына кіріп, жарақаттамаса игі еді.

– Бөдеке, – деді Қосаяқ оған жаны аши қарап. – Бұл жердің де берекесі кетті. Біз Кірпі екеуміз әлгінде шешімге келіп, «Жерұйықты» басқа жерден іздемек болып келісіп едік. Бізбен бірге серік болып жүр.

– Ниетіңе рақмет, Қосеке, – деді Бөдене. – Мен осы жерге бауыр басып қалған едім. Оның үстіне мына балапандарымды шығардым. Жылы ұямды тастауға қимаймын, «Басқа түссе баспақшыл» дейді. Болған іске болаттай болып көндігіп кетерміз. Ақыры жолға жиналған екенсіңдер, алдарыңды бөгемейін.

– Өзің де уайымдай берме, Бөдене, – деді Кірпі. – Қазір біз Қосаяқ екеуміз бұл шишаларды топырақпен көміп тастаймыз, – деді де, екеуі бірден іске кірісіп, айнала жерді қазып, соның топырағымен шөлмек сынықтарын көміп тастады.

– Ой, сабаздар! Төбелеріңе нұр жаусын! – деді Бөдене қуанып. – Көп рақмет! Өздеріңнің де жолдарың болсын!

– Айтсын! – деді Кірпі мен Қосаяқ. Артынша:

– Қош, аман бол! – деп екеуі Бөденемен қимай қайырласты да, жолқапшықтарын асынып алып, жолға жиналды.

(Жалғасы бар).

ҚОҒАМНАН АДАМДЫ ШЕТТЕТУ ҚАНШАЛЫҚТЫ ДҰРЫС ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕШІМІ БАР МА?




Қоғам – бұл жай ғана адамдардың жиынтығы емес, ол – бір-бірімен байланысқан тағдырлар, өзара тоғысқан үміттер мен сенімдердің күрделі жүйесі. Алайда осы жүйенің ішінде әрдайым үйлесім орнай бермейді. Қоғамнан адамды шеттету – бүгінгі күннің ең өзекті әлеуметтік дерттерінің бірі болып отыр.

Егер біз мектептен бастасақ, онда алғашқы қадамнан-ақ шеттету фактісіне куә боламыз. Біреудің сыртқы келбетіне, тұрмыстық жағдайына, тіпті сөйлеген сөзіне қарап, қатарластары оны қабылдамауы мүмкін. «Буллинг» деп аталып кеткен бұл құбылыс бүгінде мыңдаған жасөспірімнің тағдырын көз алдымызда ұшырып әкетіп жатыр. Мектеп қабырғасында оқшауланған бала бойында сенімсіздікпен қатар, болашақ өмірінде өз орнын табу қиындыққа соғады. Мұның себебі баршамызға айқын. Ашып айтар болсақ, өзгенің тарапынан қысым көріп, кемшіліктерін естіген бала психологиясында ауытқулар болып, өзін артық, қажетсіз, қолынан түк келмейтін адам ретінде сезіне бастайды.

Алайда «шеттету» мәселесі тек балалардың төңірегінде болмайды. Қарапайым күнделікті жұмыс орындарында ұжымдық қарым-қатынасты алып қарасақ, дәл осы жағдайдың қайталанатынын көреміз. Әріптестердің арасында бөліну, топтасу, бірін-бірі мойындамау – қоғамдағы ересек адамдардың да бас ауруына айналған.

АЛ ҚАЛЫҢ БҰҚАРАНЫҢ БАС АУРУЫНЫҢ НАҚТЫ ШЕШІМІ БАР МА?

Барлық мәселенің шешімі болады. Бірақ ол тек заңмен немесе тәртіппен шектелмейді. Шешім ең әуелі сана мен көзқараста жатыр. Біз өзгелерді қабылдауды, сыйлауды, тыңдауды үйренбейінше, шеттету мәселесі тоқтамайтыны анық. Отбасында, мектепте, тіпті көшедегі қарапайым әңгімеден



бастап әрбір қарым-қатынаста адамға құрмет көрсету – әр келіспеушіліктің шешімі мен мәселенің басты емі.

Қоғам – ортақ үйіміз. Егер біз бір-бірімізді шеттетсек, ол үйдің қабырғалары сөгіліп, шаңырағы шайқалады. Ал егер түсіністік пен мейірімділікке жол берсек, ол үй мықты әрі мәңгілік болып қала бермек.

ШАЙДАРБЕКОВА Айғаным,

Алматы қаласы, Абай атындағы РММИ

11 «В» сынып оқушысы,

Жетекшісі: ТӨЛЕУЖАН Жансая Санатқызы



Мамандық таңдауымның дәнекері

Әр адамның өмірінде өзіне бағыт-бағдар беріп, шабыт сыйлайтын тұлға болады. Мен үшін сондай жан – талантты режиссер, заманауи қазақ кинематографиясының жұлдызы - Думан Еркімбек аға.

**режиссер Думан
Еркімбек - ортада**



Думан Еркімбек – қазіргі қазақ режиссурасының жаңа толқынын қалыптастырып келе жатқан жас та болса, өз ісінің кәсіби шебері. Оның әрбір туындысында терең ой, шынайылық және өзіндік қолтаңба бар. Мен Думан ағаның фильмдерінен әрдайым үлкен мағына, өмірдің философиясын көремін. Ал сол мағынаны көрерменге әсерлі жеткізе білуі – нағыз режиссерлік шеберліктің айқын көрінісі.

Қыркүйек айында «Dala Cinema» киностудиясы ұсынған әлеуметтік-драма жанрындағы «Qaitadan» фильмі көрерменге жол тартты. Бұл туынды ерекше идеясы және терең мазмұнымен көрермен жүрегінен орын алды. Фильмде басты кейіпкердің бір күнді қайта-қайта бастан өткеруі арқылы өмірдің мәні, адамдық таңдау мен жауапкершілік туралы маңызды ойлар қозғалады.

Түсірілім тобы картинаның шынайылығына ерекше мән берген. Мәселен, су тасқыны көрінісін табиғи шығару үшін арнайы жасанды дамба тұрғызылып, кейін оны әдейі жарып түсірілген. Сондай-ақ көріністердің әсерін күшейту мақсатында ауылдың шағын макеті жасалып, оның су астында қалған сәттері жоғары деңгейде бейнеленген.

Фильмнің режиссері Думан Еркімбек пен бас продюсері Жалын Тілеуберген аз қаржымен үлкен идеяны жүзеге асыра білді. Бұл олардың кәсіби табандылығы мен отандық киноға деген сүйіспеншілігінің дәлелі деп білемін. Осындай еңбек арқылы олар жастарға үлгі боларлық деңгейге көтерілді.

Думан Еркімбектің жетістігі – табандылық пен адал еңбектің жемісі. Оның шығармашылық жолы маған үлкен мотивация сыйлайды. Мен де болашақта дәл осы кісі секілді кино әлеміне жаңа серпін беріп, өз көзқарасымды экран тілі арқылы жеткізгім келеді.

Есімде, 10-сыныпта оқып жүрген кезімде

бөлмемнің қабырғасына Думан ағаның суретін іліп қойып, күн сайын тамсана қарайтынмын. Себебі ол менің мектебімнің түлегі әрі өз арманына жеткен адам. Үздік туындылардың авторы және маған мотивация сыйлаушы адам. Сол сәттерде мен оның еңбегіне қарап, өзіме сенуді үйрендім.

Бірде Думан Еркімбек түсіріп жатқан «Ғашықпын саған» фильмінің алаңына бару мүмкіндігі туды. Сол сәт менің есімде сақталып қалды. Себебі, мен алғаш рет кино әлемінің шынайы атмосферасын сезіндім. Думан ағаның қарапайымдылығы мен шынайылығы, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы маған ерекше әсер етті. Оның қасында жары – Назерке әпкем де өте ізгі, сыпайы жан. Екеуінің үйлесімділігі мен үйлесім таба отырып еңбек етуі – нағыз өмірлік серіктестік пен өзара құрметтің үлгісі. Назерке әпкеме айтқан ақыл - кеңестері үшін алғысым шексіз!

**АХМЕТЖАН Балнұр,
Абай ұлттық мектебінің
11- сынып оқушысы**

Жетекшісі: Төлеужанова Жансая Санатқызы
Cypet:<https://www.instagram.com>

«105» СЕРИАЛЫ НЕНІ КӨРСЕТТІ?

Қазіргі таңда әлеуметтік желілер мен теледидарда ең көп талқыланып жүрген тақырыптың бірі – «105» сериалы. Бұл туынды көрерменнің жүрегіне жол тапқан, қоғамдағы өзекті мәселені – жасөспірімдер арасындағы буллинг пен үнсіздікті ашық көрсеткен алғашқы отандық сериалдардың бірі.

Сериал алғаш рет NTK телеарнасында көрсетіліп, аз ғана уақыт ішінде TikTok пен Instagram-да кеңінен тарады. Көптеген жас көрермен «105» кейіпкерлерінен өз өмірін, өз мектебін және өз достарын көріп, сериалды бір түнде түгел қарап шыққандар да аз емес.

Сериалдың атауы - жай ғана сан емес. «105» бір жағынан мектептің нөмірін білдірсе, екінші жағынан Қылмыстық кодекстің 105-бабын, яғни адамды өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу бабын меңзейді. Бұл символдық мән туындының негізгі идеясын - психологиялық қысымның қаншалықты қауіпті екенін айқындай түседі.

Басты кейіпкер - Аслан. Ол бұрын жеке мектепте оқыған, алайда өмір жағдайына байланысты №105 мектепке ауысады. Мұнда жаңа орта, жаңа сыныптастар және мүлде басқа ереже бар. Мектеп ішінде бейресми «жүйе» қалыптасқан: әлсіздерді шеттетуге, қорқыту, күш көрсету. Бұл жүйенің құрбанына айналған әрбір жас - үнсіз күрес жүргізіп жүр.

105-тің ерекшелігі - өмірден алынған шынайылық. Жас актерлердің ойыны, диалогтар мен атмосфера бәрі - реалистік, өмірге өте жақын. Бұл да себеп шығар, сериалдың әр эпизоды шыққан сайын әлеуметтік желілерде жаңа тренд, жаңа пікірталас пайда болады. Бірі сериалдағы әділетсіздікке ашуланса, енді бірі – басты кейіпкерлердің әрекеттерінен өз тәжірибесін көреді. Көпшілік «бұл - қазіргі мектеп шындығының айнасы» деп баға беріп отыр.

«105» сериалын көрген адам бірден ойланады: осындай жағдайлар расында мектептерде бар ма? Өкінішке қарай, бар. Иә, бәрі дәл сериалдағыдай күрделі болмауы мүмкін, бірақ кей мектептерде «жасырын жүйе» деген ұғым әлі де кездеседі. Бұл жүйе көбіне көзге көрінбейді. Бірақ оны бәрі сезеді. Бір топ оқушылар өздерін «беделді» санап, әлсіздерге қысым көрсетеді. Біреудің киімін, сыртқы түрін мазақ ету, үндемейтін балаларды шеттетуге – осының бәрі жасырын түрде жүріп жатады. Мұғалімдер байқамағандай, ал кей ата-аналар баласының мінезі өзгергенін түсінбей қалады.

Мұндай жүйе тек бір баланың емес, тұтас ұжымның тынысын тарылтады. Өйткені біреуге күлген ортада ешкім өзін еркін сезіне алмайды. Кімнің



ішкі әлемінде не болып жатқанын ешкім білмейді. Бір бала күнде күліп жүруі мүмкін, бірақ үйге барғанда көз жасын тыя алмайды.

Бұрын «жасырын жүйе» тек үлкен сыныптарда болады деп ойлайтынбыз. Қазір ол бастауыштан бастап байқалады. Әлеуметтік желі, телефон, чаттар арқылы да буллингің жаңа түрлері көбейді. Біреуді топтан шығарып тастау, мазақ пост жазу, немесе «сториі әдейі көрмей қою» - мұның бәрі жасырын қысымның түрлері.

Мектеп – тек білім алатын емес, өмірге үйрететін орта. Сол ортада әр бала өзін қауіпсіз сезінуге тиіс.

Егер мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар бірігіп осы «жасырын жүйелерді» жойса, онда мектеп – нағыз мейірім мен сенім ордасына айналар еді.

Сондықтан бастысы – үнсіз қалмау. Біреуге жамандық көрсеткенді көрсен, «маған қатысы жоқ» демей, тоқтатуға тырыс. Өйткені әділетсіздікке көз жұму – сол жүйені күшейтеді.

Иә, мектептегі жасырын жүйелер әлі бар. Бірақ оны өзгерту – өз қолымызда. Ал «105» сияқты сериалдар осы шындықты еске салып, қоғамды ойландыруға себеп болды.

Айзат БАҚБЕРГЕН,

Ұ.Бағаев атындағы орта мектептің

11 сынып оқушысы,

Алматы облысы Кеген ауданы Алғабас ауылы

Жетекшісі: Бекбатырова Бекзат





теңеу айтар едім. Бұл өнердің қиыншылығы да жетерлік. Біздің қазақ ақынның айтқан сөзін шындық сөз деп білетін халық қой, шіркін. Сол сенімі зор халық алдында отырғанда ақын жалған ақпарат берсе, барша елді дүрліктіріп, арандатып алуы әбден мүмкін. Сол үшін ақын ауызынан шыққан әрбір сөзіне үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Құдды бір үлкен жорық десе де болады – әр басқан қадамың аңдулы. Осы майданда байқап әрекет жасамасан, бір-ақ қорғасын түйреп алып кетердей...

Әр нәрсені сөз қыла бермей, өзімнің айтысым жайлы айтайын. Мен қазір оқушылар арасындағы республикалық айтыстарға қатысып жүрмін. Бір айтысқа дайындалудың өзіне ой іздеп, бірнеше кітапты ақтару керек. Және де «Қарсыласқа не айтамын? Қандай сөз халыққа өтеді?» – деп күйзеліске түсіп кеткен кездер де болған. Бірақ

АЙТЫС – ҒАСЫРЛАР МҰРАСЫ

Айтыс – қазақтың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан асыл мұрасы. Мен де сол мұраны жалғастырушылардың бірімін. Әуелі танысып алайық: менің есімім – Болат. Хан Тәңірі күніне күнмен шағылысып сәлем беретін Нарынқол елді мекенінің баласымын. Он жасымда өзімнің жерлесім Оразалы ағамыз сияқты айтыскер болуды армандадым. Шүкір, қазір сол арманым орындалып келеді десем де болады.

Айтыс бір қараған адамға оңай іс секілді көрінуі мүмкін, мен де солай ойлағанмын. Бірақ айтыс – домбыра үйреніп, ән айта алсаң, ақын болу деген сөз емес екен. Айтыскер болу деген - күйші болу. Неге десеңіз, айтысып отырғанда ақынның домбырамен шаруасы болмауы керек, алаңдамауы керек. Ойының бәрі құраған өлеңінде болу жөн.

Айтыскер болу деген - әнші болу. Себебі тыңдарман сенің үніңе ұйып тыңдап отыруы керек. Айтыскер болу - емші болу. Неліктен десеңіз, ақын сөзімен халықтың жүрек жарасын емдегенде ғана, ақын.

Өзім айтыс деген ұғымға «ұлы майдан» деген



мен қанша күйзелсем де, кешегі Құлманбет, Көдек ақындардың жолын жалғап, Оразалы ағамыз сияқты елдің мұңын жырлаған ақын болуға сөз беремін.

Басындағы сұрағыма жауап беретін болсам, айтыс адам денсаулығына зиян емес, өте пайдалы. Әсіресе жастар айтысты кәрілердікі демей, өзіміз заманауи трендке айналдырсақ, еліміздің ертеңі жарқын болары сөзсіз. Төл өнер төбемізде мәңгі жасасын!

АХМЕТ Болат Қанатұлы,
Абай ұлттық мектебінің 11 сынып оқушысы.
Жетекшісі: Мерзоянова Меруерт
Өмірсерікқызы
Алматы



Саф ауа мен таза ой: БАЛАНЫҢ ШЫНАЙЫ ӘЛЕМІ

Бір кезде әр ауланың әр түкпірінен балалардың шат күлкісі естілетін. Далада доп қуған, секіртпеле секіріп әртүрлі ойын ойнаған балалардың дауысы үнемі жаңғырып тұратын. Қазіргі заманда сол сылдырлаған дауыстарды есту күнде қол жеткізе бермейтін мұңға айналып кеткен секілді ме?

Бүгінгі күннің білікті дәрігерлері баланың денсаулығына алаңдап, нәрестелер мен жасөспірімдердің таза ауада мейлінше демалуы қажеттігін ескертуде. Соған қарамастан, қаланың да, даланың да баласы жасы үлкені бар, кішісі бар уақытын үйде бір телефонға телмеріп өткізуде. Бұл – болашақта бүгінгі бала, ертеңгі азаматтың өміріне төнген қауіп десек, артық айтқандық емес. Гаджетті ақтара отырып, түрлі сайттарға кіріп, өзіне қажет емес нәрсеге үйір болу, ойын ойнау, кейбір сайттарға тіркеліп, сөйлесу фактілері бар екенін теледидар бағдарламаларына қатысқан мамандар айтып, дабыл қағуда. Ресми деректерде суицид жасаған балалардың негізгі себебі, сайттағы жарияланымдар екені де айтылуда. Осындай мысалдар арқылы бар бала бірдей гаджеттің жетегінде кетті дей алмаймыз. Жақсы білім алуға ұмтылып, қабілетін шыңдап аудан, қала, облыс пен республикалық байқауларды айтпағанда, әлемдік білім сайыстарында еліміздің көк Туын желбіретіп, бас жүлделер иемденіп келе жатқан жасөспірімдердің еңбегін бағалап, мақтанышпен атаймыз.


Неге гаджет туралы мәселені қозғадым? Себебі, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына да осы бір телефонда өткізетін уақыты кері әсерін беруде. Ең алдымен, дұрыс, уақытылы тамақтанбайды. Жүрдім-бардым, фастфудпен ауқатана салады. Газдалған

сусындарды шамадан тыс көп ішеді. Екіншіден, дене қимылы аз. Нағыз далада таза ауада ойнап, асыр салатын баланы ырымға табу қиын. Қарап отырсақ, балалар жаяу жүруге ерінеді. Кешкі салқын ауада серуендеген бала аз. Бұған ата-ананың да ықпалы бар. Жұмысбастылықты сылтауратып, баласымен жаяу жүруге уақыты тапшы. Адам организмі шынықпаған соң, түрлі вирустық ауруларды қабылдауға бейім болады.

Баланың денсаулығына, демалысына уақыт бөлу, мүмкіндігінше таза ауада ойнауын ұйымдастыру қалай айтсақта, ата-ананың міндеті. Ата-ана тарапынан балаға көңіл бөлінбегендіктен, ол өзіне шекара қойып алады да, гаждет әлемін таңдайды. Телефонға байланған баланы айналасындағы ата-ана мен бауырлар, аулада ойнау, балалармен достасу, қоршаған орта сияқты дүниелер қызықтырмайды.

Ауладағы күлкі - тек естелік емес, болашақ ұрпақтың шынайы қуанышы болуы керек. Тек табиғатпен үндес өмір сүрген бала ғана бақыт пен денсаулықтың қадірін сезінеді. Дені сау ұрпақ қана ел болашығын дамытуға бар күш-жігерін жұмсай алады. Салауатты өмір салтына негізделген қағидаларды сақтайды. Білімді жастардың легін құрап, Отанымызға адал қызмет етеді. Дені сау баланың риясыз күлкісі мен шат көңілі, шынайы қуанғаны мен болашаққа деген нық қадам басуы – отбасында ата-анадан берілетін тәрбие. Балаларының арманын ұштаған еліміздегі әр отбасы аман болсын!

ЖАҚСЫБАЙ Перизат,
Жамбыл Жабаев атындағы №161 лицейдің
11 «Ә» сынып оқушысы.
Алматы қаласы, Медеу ауданы.
Жетекшісі: Айгерім ЕСІМХАН
Сурет: ЖИ



Кино – қоғам айнасы

Кино – адамның өмірін, сезімін және қоғамды экран тілі арқылы бейнелейтін өнер. Кино тарихы сонау 19 ғасырдың өз тамырын кеңге жайған. Халық үні мен заманауи бағытты бірге өрбіткен кино өмірі қызыққа толы. Ал, неліктен ол қоғам айнасы? Сұраққа бірге жауап берейік.



Мысалы, “Qaitadan” фильмі апат жанрындағы тұңғыш отандық фильм. Фильмде 2010 жылдың 11-нен 12 наурызға қараған түні орын алған Қызылағаш апаты суреттеледі. Сол түні су қоймасының бөгеті жарылып, Қызылағаш ауылының біраз бөлігі толқын астында қалған еді. Бұл – бүкіл елдің қабырғасын қайыстырған қасірет.

Фильм осы оқиғаның негізінде түсіріліп, тек табиғи апатты ғана емес, адамның рухын, төзімін және өмірге деген үмітін бейнелейді. Туындыда ауыл тұрғындарының басына түскен қиындық, үрей мен үміт аралас сезімдері шынайы жеткізілген. Әсіресе ананың баласын іздеген сәттері, адамдардың бір-біріне қол ұшын созуы – көрерменнің жүрегіне әсер етпей қоймайды. Біздің сынып жетекшіміздің туыстары дәл осы Қызылағаш ауылында тұрған екен. Сол себепті фильмді көргенде біз үшін бұл жай ғана кино емес, шын өмірдің естелігі сияқты болды. Әр кадрда шындық бар. Әрбір көзқарастан сол бір түннің ауыр тынысы сезіледі.


«Қайтадан» – тек қираған ауылдың емес, қайта тірілген үміттің символы. Адамдар өз үйлерін, өмірлерін қайта қалпына келтіріп, рухани тұрғыда да жаңара алды. Бұл фильм арқылы біз қиындықты жеңудің, бірліктің, сенімнің не екенін түсінеміз. Сондықтан да кино ол қоғам айнасы. Ол

тек оқиғаны айтып бермейді, ол адамның жанын көрсетеді.

Кино – заман сайын өзгеріп отыратын қоғамның көрінісі. Әр дәуірдің өз үні, өз бейнесі бар. Егер өткен ғасырдың кинолары ұлт тарихын сақтаса, бүгінгі фильмдер қазіргі қоғамның толғанысын, жастықтың үні мен заманауи өмірдің бейнесін жеткізеді. Кино – адамға ой салып, өмірге басқа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Менің ойымша, кино – тек көңіл көтеру емес, тәрбиелік, рухани мәні зор өнер. Ол халықтың мәдениетін, мінезін, арманын көрсетеді. Сол себепті, киноны түсіну – өз қоғамыңды, өз еліңді түсіну.

МАРАТОВА Сабина,
Абай Ұлттық мектебінің
11- сынып оқушысы.
Алматы






Бұл суретте Ұлы қолбасшы Әмір Темір мен оның билігі мен өркениетінің нышаны саналатын Тайқазан бейнеленген. Тайқазан — Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде сақталған қасиетті тарихи жәдігер, ол рухани байлық пен бірліктің символы.

Суретте алтын түстер мен шығыс өрнектері басым, бұл байлық пен даналықты білдіреді. Қыран құс бейнесі — еркіндік пен күштің белгісі. Әмір Темірдің байыпты, ойлы кейпі оның билеушілік дарынын, ел басқарудағы көрегендігін көрсетеді.

Бұл сурет ғылым мен жаңалыққа арналған. Альфред Нобель мен басқа ғалымдардың бейнелері, ДНҚ тізбегі, жүрек, химиялық зертханалар — бәрі ғылым мен адамзат дамуының символы. Жасыл және сары түстер үміт пен прогресті білдіреді.



Бұл суретте Қазақстанның ұлттық болмысы мен тәуелсіздік рәміздері бейнеленген. Ер мен әйел бейнесі, барыс, бүркіт, таулар мен «Бәйтерек», «Ақорда» ғимараты — барлығы ел тарихы мен мәдениетін, табиғаты мен рухын көрсетеді. Түстер айқын, патриоттық мәні зор.



ҚАДЫР Аяулым,
Астана, Абай ұлттық
мектебінің
9 «В» сынып
оқушысы





@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,
АРДАҒЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



astana hub



ACADEMY
OF DIGITAL
INDUSTRIES

"Нейрожелілерді пайдалана отырып, бренд қалыптастыру" курсы іске қосылды

Стартовал образовательный курс
«Создай бренд с нейросетями»

Как создать сильный бренд с помощью ИИ: в Astana Hub стартовал новый курс

В международном инновационном кластере Astana Hub совместно с Академией Цифровых Индустрий запущен уникальный образовательный курс «Создай бренд с нейросетями». Его цель – научить казахстанцев использовать возможности искусственного интеллекта для продвижения себя, своего бизнеса и творческих проектов.

Astana Hub активно продвигает цифровое обучение и развитие ИИ-компетенций. Партнерские онлайн-курсы «Основы ИИ: ChatGPT», «Основы анализа данных и Python», «Основы промпт-инжиниринга» и QazCoders уже помогли десяткам тысяч казахстанцев освоить современные цифровые профессии и инструменты. Обучение проходит онлайн в течение четырёх недель и включает 20 видеоуроков с разбором реальных кейсов, дополнительными материалами и вдохновляющими примерами. Формат курса позволяет учиться в удобное время и совмещать занятия с работой или учебой. Он идеально подходит для новичков, дизайнеров, маркетологов и предпринимателей, которые стремятся освоить современные инструменты брендинга.

«Это не первая партнерская программа, которая реализуется в Astana Hub. Мы видим, насколько высок интерес к современным цифровым профессиям и стремимся давать участникам не просто знания, а инструменты, которые можно сразу применять в работе. Курс по бренд-дизайну с использованием ИИ – это продолжение нашей миссии по развитию технологических навыков у казахстанцев», – отметила Алёна Славкина, директор офиса образовательных программ Astana Hub.

Новый курс помогает понять, как технологии трансформируют креативную индустрию, и даёт практические

инструменты для тех, кто хочет создавать бренды будущего. Участники узнают, как разрабатывать стратегию бренда, формировать визуальную систему, подбирать цвета, шрифты и логотипы, а также использовать нейросети Midjourney, ChatGPT и Canva AI для генерации идей, визуалов и мокапов.

Наставником курса выступает арт-директор и Creative Group Head агентства GForce Grey, ментор Академии Цифровых Индустрий Дайана Молдагулова. «Курс «Создай бренд с нейросетями» - это шаг к формированию нового поколения креативных специалистов в Казахстане. Курс помогает участникам глубже понять, как устроена профессия бренд-дизайнера: от разработки стратегии и визуальной системы до грамотного использования искусственного интеллекта. Отдельный модуль посвящён AI-инструментам, которые сегодня трансформируют креативную индустрию и делают работу дизайнеров более эффективной. Курс показывает, как креатив может стать инструментом развития, а не просто формой самовыражения, и открывает участникам реальные перспективы карьерного роста в любой сфере», – поделилась Дайана Молдагулова.

По завершении курса участники получают сертификат и смогут пополнить своё портфолио мини-брендбуком, созданным с помощью ИИ. Проект призван вдохновить участников использовать технологии для самореализации, развития бизнеса и укрепления своей позиции в быстро меняющемся цифровом мире.

Из сайта: Министерство искусственного интеллекта и
цифрового развития Республики Казахстан



РАССТОЯНИЯ И УГЛЫ В ПРОСТРАНСТВЕ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ПРОСТРАНСТВЕННОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ СТАРШЕЙ ШКОЛЫ

Автор: СЭДУАҚАС Ақерке Талғатқызы, учитель математики КГУ «Школа-гимназия №133», г. Алматы

Современное образование ориентировано на выпускника, способного применять знания в новых ситуациях, анализировать и обобщать информацию, решать нестандартные задачи. Особое место в этом процессе занимает школьная геометрия, особенно стереометрия — один из наиболее сложных для учащихся разделов. Недостаток пространственного воображения, трудность мысленных преобразований и неумение устанавливать взаимное расположение элементов пространственных фигур приводят к тому, что стереометрические задачи ЕНТ остаются для многих выпускников проблемными.

Авторский элективный курс «Расстояния и углы в пространстве» предназначен для 10–11 классов и нацелен на устранение этих трудностей. Он формирует целостное представление о пространственных отношениях, развивает умение анализировать трёхмерные объекты, использовать планиметрические факты в пространстве, строить корректные чертежи и применять различные методы

решения — геометрический, координатный, векторный. Курс учитывает, что большинство ошибок учащихся связано с неумением выделять ключевые элементы, проводить проекции, определять углы и расстояния, а также преобразовывать пространственную модель в удобную для анализа плоскую конфигурацию.

Основой программы является метод «ключевых задач», предполагающий обучение через типовые пространственные ситуации: построение общего перпендикуляра между скрещивающимися прямыми, нахождение угла через проекцию, определение двугранного угла по взаимному расположению перпендикуляров. Овладение этими моделями позволяет учащимся быстрее распознавать структуру задачи и выбирать рациональный алгоритм решения.

Курс включает большое количество практических и вычислительных заданий, работу с чертежами, мини-проекты, групповые обсуждения и рефлексивные упражнения. Такой формат формирует навыки анализа, логического мышления, самостоятельного выбора метода решения, математической речи и графической грамотности. Особое внимание уделяется интерпретации пространственного рисунка, умению мысленно визуализировать многогранники и преобразовывать сложные задачи в плоские.

Практическая значимость курса проявляется в широкой применимости изучаемых тем — расстояний, углов, проекций — в инженерии, архитектуре, физике, 3D-моделировании, техническом проектировании. Осознание связи геометрии с реальными профессиями повышает учебную мотивацию и способствует формированию политехнической грамотности.

Заключение. Элективный курс «Расстояния и углы в пространстве» является эффективным средством развития пространственного мышления и подготовки старшеклассников к ЕНТ. Его практико-ориентированная структура, системность и использование метода ключевых задач делают обучение осмысленным и результативным. Курс рекомендуется к внедрению в школах, реализующих углублённое изучение математики, как инструмент повышения качества геометрической подготовки и формирования универсальных навыков, необходимых для дальнейшего обучения и профессиональной деятельности.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- Атанасян Л. С., Бутузов В. Ф., Кадомцев С. Б. Геометрия: 10–11 классы. — М.: Просвещение, 2016.
- Балк М. Б. Стереометрия: учебное пособие для учащихся старших классов. — М.: Наука, 2012.
- Громов А. С. Методика преподавания геометрии в средней школе. — М.: Академкнига, 2009.
- Фридман Л. М. Развитие пространственного мышления учащихся при изучении геометрии. — М.: Педагогика, 1985.
- Эрдниев П. М. Укрупнение дидактических единиц в обучении математике. — М.: Просвещение, 1991.
- Кабанова-Меллер Е. Н. Формирование пространственных представлений у школьников. — М.: Педагогика, 1983.
- Ministry of Education RK. Типовая учебная программа по предмету «Геометрия» для 10–11 классов. — Астана, 2021.



Школьники из Актобе сделали макет юрты из 4 тысяч асыков

Макет юрты весит 15 килограммов. Асыки для нее собрали школьники из нескольких областей, передает корреспондент агентства Kazinform.

Ученики Назарбаев Интеллектуальной школы приняли участие в исследовательской экспедиции «Поклон родной земле». Помимо актюбинцев, в проекте участвовали школьники из Астаны, Усть-Каменогорска и Тараза. В этом году проект был посвящен 180-летию поэта Абая Кунанбаева.

— Мы заранее сообщили детям, чтобы они привезли асыки, ведь собрать 4 тысячи штук непросто. До этого актюбинские ребята сделали макет юрты из картона, а затем школьники из других регионов привезли асыки и наклеили на каркас. Вес макета — 15 килограммов, диаметр — 1 метр, высота — 80 см. Главная цель проекта — защита окружающей среды. Использовались только экологически чистые материалы. Это стало возможностью привить детям важные ценности, — рассказал директор Назарбаев Интеллектуальной школы в Актобе Кайырбек Сабитулы.



По его словам, дети любят играть в асыки. На переменах и в свободное время они также занимаются национальными видами спорта.

Фото: Аманжол Айтмағамбетов
<https://www.inform.kz/>

Давным-давно, в решете, в соломе ли, когда на старом току джинны дротики метали, жила в богатом доме девушка-красавица. Сказать - не расскажешь, писать - не опишешь, среди прекрасных цветов была дивной розой, среди стройных деревьев - свечой-кипарисом. Глядят на неё люди - взора не отведут... Мать, отец не могли надышаться на неё, берегли от холода, от жары, но, будь проклята злая судьба, не успел молодой соловей сесть на ветку девушки, как судьба постучалась в дверь и унесла в могилу её родителей. Свалилась на её голову страшная беда. Горько причитая и взывая к небу, лила она ручьями слёзы, но что могут сделать её руки, чем может помочь ей язык? От раны в сердце - не умирают, спасают от неё только время и терпение, ниспошли нам его всевышний!

[Джинн - в фольклоре стран Ближнего Востока - злой дух.]

И вот, слава Аллаху, в один из дней улыбнулось ей счастье: девушка-роза, девушка-красавица стала невестой, а потом и переехала к мужу. Достался ей человек тише воды ниже травы, пальцем никого не тронет, муравья и того не обидит. Работал он в поте лица, и потому все дела по дому лежали на жене.

Она же раньше никогда не видела ни метлы, ни тандыра. Росла маменькиной дочкой, и руки её не привыкли к работе, а пальцы к шитью. Вот и покрылся тандыр в её доме сажей, а все углы паутиной заросли... Правду сказать, на дом стало страшно смотреть. Э-э-э! Ну, а коли противно смотреть на дом, разве будешь любоваться хозяйкой его, хоть она и краше розы?.. Соседи давно уже перестали ходить к ним, а что может сделать муж! Чтобы не нарушать согласия, не лишаться покоя, он ни разу не сказал «грязно, невкусно», терпел, сколько мог, даже словом жену не укорил. Только не станешь же красоту вместо сыра с хлебом есть!.. Пришло время, и муж начал морщить лоб и хмуриться. [Тандыр - вырытая в земле печь.]

— Э-э-э! Говорят же - в одном намёке тысяча значений! Разве могла девушка-роза не заметить перемены в приветливом лице мужа? Заметить-то заметила, да что могла сделать? Если бы превратились руки её в щётку, а волосы в метлу, она навела бы повсюду зеркальный блеск; приготовила бы своему муженьку вкусную еду и вернула на его лицо улыбку. Есть в сердце желание, да в руках нет сноровки! Потому



УМЕЛЫЕ

девушка горько горюет, молит небо о помощи:

— О великий Аллах, есть у меня две руки, десять пальцев, да только к труду они не приучены, а коли и возьмутся за какое-нибудь дело, всё равно толку мало. Задумаю бровь подвести - глаз выкалываю, за работу примусь - вся перепачкаюсь. Если и дальше так пойдёт, пропадать мне. Вся моя надежда на тебя! Ниспошли мне какое-нибудь средство, о Аллах!

И вот, когда в один из дней она, как всегда, возвела руки к небу, в доме вдруг появилась почтенная женщина.

— Девушка-роза, розовая девушка, - сказала она, - что ж ты льёшь ручьи слёз! Когда ты родилась, и твои пальцы наделил всевышний умением, - но ведь и железо покрывается ржавчиной, если его в дело не пускают... Вот кабы твоя покойная мать не носила тебя на груди, словно розу, а приучила тебя к работе, тогда твои пальцы сгодились бы для любого дела! Ты бы дом в цветок превратила, и люди бы тебя уважали, и муж бы тобой гордился. Такого пустяка не знают матери! А вот сейчас твои дела



РУКИ

(ТУРЕЦКИЕ
СКАЗКИ)

не дают покоя матери и в могиле. Счастье твоё, что она была доброй: сироту увидит - накормит, бедного встретит - оденет, не знали бедняки, как благодарить её, потому-то я и привела к тебе десять пери!

Не успела почтенная женщина и сказать это, как все десять пери одна за другой появились подле неё. Взглянула на них девушка-роза - потеряла сознание, взглянула ещё раз - пришла в себя. А почтенная старушка говорит:

— Посмотри на них, дочь моя, все они труженицы, одна лучше другой. Только помни, нельзя их показывать людям, нельзя им видеть белый свет. Сейчас я пошепчу, подую, и каждая из них спрячется в твоих пальцах... Если понадобятся тебе услуги одной из них, ты пошевели тогда пальчиком, и она сделает всё, что нужно! Только помни: пери очень проворные, - если ты оставишь их без работы, они убегут от тоски, да так, что ты и не узнаешь об этом. Не прячь больше свои пальцы в кулаке, заставляй их трудиться, не считаясь ни с днём, ни с ночью, и только тогда оценишь ты их по заслугам...

Сказала так почтенная женщина и перебрала один за другим все десять пальцев девушки. «Закрой глаза!» - велела она, и закрыла девушка глаза. «Открой глаза!» - велела женщина, и открыла девушка глаза. Так приговаривая «закрой глаза», «открой глаза», «закрой глаза», «открой глаза», - женщина посадила на каждый палец пери. И когда в последний раз услышала девушка-роза «открой глаза!» и посмотрела кругом, - что бы вы думали? - и почтенная женщина, и пери исчезли.

Девушка-роза не знает, верить ли ей тому, что видела, тому, что слышала...

— О, Аллах, наяву всё это было или во сне?

И так подумала, и эдак прикинула, но не постигла чуда своим умом... Не прошло и часу, как она опомнилась.

— И чего это я опять бездельничаю, сижу да раздумываю, попробую-ка я поработать, ведь не съедят же меня волки! Если та женщина посадила на мои пальцы пери, то это сразу скажется и на уборке, и на обеде.

Сказав так, она повязала фартук и взялась за дело. Стала она шевелить пальцами, как велела почтенная женщина, и десять пери в десяти пальцах всю работу переделали, всю еду приготовили! Как же не поверить чуду! Запрыгала она от радости. Вечером вернулся домой муж. И что же видит? Всё изменилось, превратила девушка-роза и дом свой в цветок. Так приятно бедняге-мужу, так легко на душе, смотрит, смотрит и наглядеться не может. А обед, как мускус: никогда в жизни не пробовал он такого, ест, ест, и всё есть хочется.

— О роза моего сада, о соловей моего гнезда, - сказал муж, - пусть твои руки, пальцы никогда не знают усталости, да не коснётся тебя беда, будь же счастлива и на этом и на том свете! Наконец-то наш дом похож на дом, так уютно и тепло в нашем гнёздышке...

С тех пор жили они в радости и веселье, всё время улыбались друг другу и говорили только ласковые слова. Их счастье воспето в дестанах, сами же они достигли своей цели, а мы теперь можем и разойтись.

[Дестан - эпос, эпическое повествование.]

С неба ещё три яблока упало. Это для тех, кто свой дом, своё гнездо превращает в рай!

Из источника: [http://skazkoved.ru/](http://skazkoved.ru;);

Картинка: <https://1-3.su/archives>

HOW COLD WEATHER AFFECTS STUDENT PRODUCTIVITY

As November arrives and cold winds begin to replace warm autumn days, many students notice that their daily routines start to change. Cold weather doesn't just make us reach for warmer jackets — it can influence how we think, study, and feel throughout the day. Understanding these changes can help students stay productive and comfortable during the late autumn and winter months.



1. ENERGY LEVELS AND FOCUS

When temperatures drop, our bodies work harder to stay warm. This means we use extra energy just to keep a normal body temperature. Some students may feel more tired, especially during morning classes, because the body is already spending energy fighting the cold.

However, cold weather can also be helpful in some ways. Many studies suggest that slightly cool air can help people stay alert. Think about how a cold breeze can wake you up. A classroom that is too warm may make students feel sleepy, while a cooler room can help them stay focused.

But there is a balance. If the classroom is too cold, students may become uncomfortable, distracted, or even tense. Shivering or feeling cold makes it difficult to concentrate on math problems or reading assignments. That's why proper classroom temperature is important for good learning.

2. MOOD, MOTIVATION, AND SUNLIGHT

Cold weather often comes with shorter days and longer nights. Many students go to school when it's still dark outside and return home when the sun is already setting. This lack of sunlight can affect mood, motivation, and energy levels.

Sunlight helps our bodies produce a special chemical called serotonin, which is connected to feeling happy and calm. With less sunlight, some students may feel more tired or unmotivated to do homework. This is why even short walks outside during daylight — during lunch break or after school — can make a big difference. Just 10–15



minutes of fresh air can lift your mood and help reset your energy.

3. HEALTH CHALLENGES DURING COLD MONTHS

Cold weather also brings a higher chance of catching colds or the flu. Feeling sick can obviously affect productivity, making it harder to study or pay attention in class. That's why healthy habits become especially important in November.

*Here are some habits that can help students stay productive:

*Eating warm, nutritious meals: soups, vegetables, grains, and fruits provide energy.

*Drinking enough water: even though it feels cold, our bodies still need hydration.

*Sleeping well: with shorter days, a good night's sleep becomes even more important.

*Staying active: light exercise improves mood and keeps the body strong.

When students take care of their health, they feel better both physically and mentally, allowing them to learn more effectively.

4. THE BENEFITS AND COMFORTS OF THE SEASON

Despite its challenges, cold weather also has many advantages that can improve productivity. For example, many students enjoy the cozy feeling of

studying indoors with a warm drink, soft lighting, or comfortable blankets. This creates a calm environment that can make reading or working on projects more enjoyable.



November is also a perfect month for new beginnings. With the end of the year approaching, students can:

- *set new goals,*
- *organize their school materials,*
- *plan ahead for tests,*
- *or start new creative projects.*

Cold weather encourages us to spend more time inside, which can be a great opportunity to focus, learn, and grow.

Cold weather influences students in many ways — from energy levels and mood to health and motivation. Some students feel more awake in cooler air, while others struggle with tiredness or lack of sunlight. But with good habits, healthy routines, and comfortable study spaces, November can become a surprisingly productive and inspiring month.

By understanding how the season affects us, students can learn to work smarter, stay healthy, and enjoy the unique, cozy atmosphere that only late autumn can bring.

*The material was prepared by the editorial staff of the magazine

"Farabi Shakirti"



«Қазпошта» АҚ облыстық, аудандық бөлімшелері арқылы
2026 жылға журналдың электрондық нұсқасына жазылу бағасы:

* Занды тұлғаларға: 6 айға – 3618,36; 12 айға – 7236,72

* Қала, ауыл-село бойынша: 6 айға – 3344,40; 12 айға – 6688,80

ИНДЕКСІ: 76081

«Қатон – қарағай ұлттық паркі»
ШҚО